

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті

Педагогикалық технологиялар институты

«Тарих және философия» кафедрасы

Табылдиева Орынгүл Дүйсенбаевна

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ
ОТАРШЫЛДЫҚ РЕФОРМАЛАРЫ

(оқу құралы «050114-Тарих»)

Ақтау, 2010

УДК 94 (574)

ББК 63.3 (5 каз)я7

T12

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы Озғаанбаев Ө.О.

тарих ғылымдарының кандидаты Бекешов С.С.

тарих ғылымдарының кандидаты Нұрмаханова Ж.Ж.

Табылдиева Орынгүл Дүйсенбаевна

XIX ғасырдағы Қазақстандағы патша үкіметінің отаршылдық реформалары: оқу құралы. - Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 82 бет.

ISBN 978-601-226-07-2-4

Оқу құралында XIX ғасырдағы Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген әкімшілік-аумақтық, аграрлық, саяси реформалары жүргізудегі мақсаты мен себептері, зардаптары және қосымша материалдар қарастырылған.

Оқу құралы «Тарих» мамандығы студенттері және көпшілік қауымға арналған.

ББК 63.3 (5 каз)я7

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-226-07-2-4

© Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, 2010 ж.

КІРІСПЕ

Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның Қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қосып алып, патша өкіметі әскери-отаршылдық әрекеттерімен ортаазиялық алғы шепке шығып, аймақтағы ағылшындардың ықпалын ығыстырып шығарды. Қолайлы халықаралық жағдайды пайдаланған Ресей империясы өзінің алысты көздейтін негізіне «бөліп ал да, билей бер» принципі алынған саяси мүдделерін басшылыққа ала отырып және қазақтардың өз мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылысын аяусыз жаныштап, Қазақстанда отаршылдық режим орнатты.

Ресей Қазақстанның «бұратана» шет аймақтарына ие болумен қатар, нашар игерілген сарқылмас өнім өткізу рыногына, арзан шикізат көзіне біртіндеп айналдырумен қатар, бұрынғы әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін түбегейлі қирату міндетін ұстанды.

Кең-байтақ өлкені әкімшілік-саяси және сот жағынан басқару жүйесін объективті түрде реформалау әкімшілік-саяси өкімет орындарының ескі тәртіптері мен капиталистік кәсіпкерліктің «кеңейе» дамуының өсіп келе жатқан мүдделері арасындағы сәйкессіздікті жоюға тиіс болды.

Оқу құралында XIX ғасырдағы Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген әкімшілік-аумақтық, аграрлық, саяси реформалары жүргізудегі мақсаты мен себептері, зардаптары бойынша қамтылатын мәселелердің мазмұны мен оның негізгі даму кезеңдерін жан-жақты оқытып таныстыру міндеті қойылған.

Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген әкімшілік-аумақтық, аграрлық, саяси реформалары қарастыру арқылы елдегі күрделі және карама-қайшылықты тарихи құбылыстарды түсіндіру. Тек халықтың бұрынғы тарихын білгенде ғана өз келешегіне әсер етуге күш алатынын студенттерге ұғындыру, тарихи ілімнің маңыздылығын оқып-үйренудің маңызын көрсету.

I. Қазақстанға Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі

1.1. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы»

Ресей империясының құрамына Қазақстанның қосылуы аяқталған жағдайда оның орналасқан геосаяси жағдайы әскери жағынан алғанда әлсіз Қоқан және Хиуа хандықтарын таптап, Англияның Шығыс Түркістан ауданына енуіне кедергі келтірді. Ұлы Петр орыстардың белсенді саудасын кеңейтуге ұмтылып және Үндістанға көз тікті, екі жақты қатынастарды түбірімен өзгерткісі келген ол сауда қатынастарын кеңейтуді ойлап қана қоймай, Хиуа, ал содан соң Бұқара билеушілерін, сондай-ақ өзі алтынға бай құм табуға үміттенген Яркеть қаласын (қазіргі Жаркент қаласы) өз билігіне бағындыру мақсатымен стратегиялық қадам жасауға бел байлады. Ресей империясының экономикалық мүдделері, саяси жоспарлармен қатар, патшаның стратегиялық болжамдарын ұстана отырып, оның Орталық Азияның түпкіріне қарай біртіндеп енуін тездетте түсті.

Оңтүстік-шығыс Қазақстанның сол кездегі саяси оқшаулығын қалған шекаралық аудандары отарлық басып алу және байырғы халықтың ғасырлар бойы ірге тепкен орындарынан ашықтан-ашық ығыстырылып шығарылуы себепті қытай жағына «ауып түсіп», «боғдыханның бодандығын» қабылдауы мүмкін деген қауіптері де хандық биліктің жойылуын тездетті. Бұл жөнінде белгілі тарихшы Н.Г.Аполлова былай деп жазады: «Орыс үкіметі өзінің құбылмалы бодандардың (қазақтардың) дипломатиялық байланыстарын бақылай отырып, олардың басқа бодандыққа ауысу мүмкіндіктерін барлық амалдармен болғызбауға тырысты.

1781 жылы Абылайдың қайтыс болуы, оның толып жатқан ұрпақтары арасындағы кикілжіңдер хан билігін әлсіретті. 1795 жылы 2 сұлтан, 19 ақсақал және 122360 қазақ императрица II Екатеринаның атына Уәлиді хан тағынан тайдыру туралы өтініш жіберді. Үкімет ол кезде хан билігін жою жөн емес деп тапты, бірақ оны әлсірету мақсатымен Орта жүзде Уәлимен қатар екінші хан етіп Бөкей сұлтанды тағайындады. Ресей «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізіп, оларды бір-біріне айдап салды, бақталас сұлтандарды өз жағына тартты.

Ресейдің әкімшілік-аумақтық басқару нысанына жақын басқарудың болмауы, Шыңғыс ұрпақтарының хан билігінің сақталуы үкіметтің іс-қимылын тежеп отырды. 1817 жылы Бөкей хан, ал екі жылдан соң Уәли қайтыс болды. Петербург Орта жүзде хан тағайындамауға, ертедегі ғұрып бойынша хан сайламауға бел байлады.

Жаңа реформаны әзірлеуді патша сол жылдары белгілі либералдық пиғылдағы қайраткер, өз дәуірінің аса білімді тұлғаларының бірі граф М.М.Сперанскийге жүктеді. Аз зерттелген аудандарды неғұрлым толық зерттеу және жинақтап көрсету үшін М.М.Сперанский «Сібір жерлерін

мәлім етуді» ұсынды. Бұл жазбаны жасақтауға болашақ желтоқсаншы Г.С.Батюшков белсене қатысты. Сібірді басқару туралы заң жобаларымен қатар, қосымшалар-құрғақтағы жол қатынастары, этаптар құру, жер аударылған «бұратаналар», «Орта Орда даласына» орыс билігін тарату бөлімдерін әзірледі. Бұл өзгерістер жергілікті сақталып келе жатқан басқару жүйесін жоққа шығарып, шексіз даланы басқарудың ресейлік губерниялық басқаруға жақындатуы тиіс болды.

1822 жылғы 22 маусымда патша «Сібір губернияларына арналған мекемелер», «Бұратаналарды басқару туралы жарғы», «Қырғыз-қайсақтарды» басқару туралы жарғы, Этаптар туралы жарғы, Жер міндеткерліктері туралы ережелер, Астық қорлары, шаруалар мен «бұратаналар арасындағы борышкерлік міндеттемелер туралы ережелер үшін негіз болған 10 заңды бекітті.

«Сібір мекемелеріне» сәйкес, азиялық Ресей 2 генерал – губернаторлыққа: орталығы Тобыл болған Батыс Сібір, орталығы Иркутск болған Шығыс Сібір генерал – губернаторлықтарына бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы обылсы жатқызылады; Ресей бодандығында болған Орта жүз аудандары соңғысының құрамына енгізілмекші болып ұйғарылды.

Орта жүздегі дәстүрлі мемлекеттілікті таратып, хан атағын «мүлде артық» деп жойып жіберген үкімет Сібір қазақтары туралы жарғыға сүйеніп, басқарудың жаңа нысанын енгіді. 3 – параграфқа сәйкес, географиялық жағынан Оңтүстік – батыс Сібірді мекендеген қазақтар «көшпелі бұратаналар сословиесі» болып есептеледі және тең құқықтарды пайдаланады, ал «сібір қазақтары елі» ең алдымен 1838 жылы Батыс Сібір қазақтарын шекаралық басқару құрылғанға дейін Омбы облысына бағынып келген сыртқы округтерден құрылды.

Өзгерістер қазақ руларының әкімшілік – аумақтық құрылымдарына қатысты болды: даладағы жаңа ұштаған – округ, болыс, ауыл бұрынғы рулық басқару жүйесін іс жүзінде жоқ етіп жіберуге тиіс еді. 5 – параграф арқылы жаңа құрылым: ауыл – 50 – ден 70 – ке дейін шаңырақ, болыс – 10 ауылдан 12 – ге дейін ауыл, округ – 15 болыстан 20 болысқа дейін болып белгіленеді.

Жарғыда округтерге тиесілі жер иеліктеріне меже енгізілді: оның үстіне 9-параграфпен көшпелілердің бір округтен екіншісіне өз еркімен ауысуы шектелді, ол үшін «жергілікті бастықтардың рұқсаты талап етілді. Бұл жер алаптарын пайдаланудың қауымдық – патрихаттық дәстүрлерін қиратуды білдірді. Енді қазақ ауылдарының көрші округ қоныстарына кірмей, өзінің округтік аумағы шегінде ғана көшіп жүруіне рұқсат етілді.

Жарғының 15- параграфында округтердің жекелеген бөлімшелерін басқарудың жаңа тәртібі белгіленді: ауылдарды – ауыл старшындары, болыстарды – болыс сұлтандары, округтерді аға сұлтандар (ел билеушілері) басқаратын болды. Бұл өзгерістер ерте кездерден бері әкімшілік пұрсаттылықтары болған Шыңғыс ұрпақтарының ықпалын әлсіретуге тиіс болатын. Сонымен бірге болыстарды басқармайтын

сұлтандар бұрынғы сасловиелік артықшылығын сақтап қалды, дегенмен олардың округ бөлімшелерін басқару ісіне «араласуына» қатаң тиым салынды.

Аға сұлтандарға зор құқықтар берілді. Оның басшылығымен округтік приказда өткізілетін отырыстарға бастық тағайындайтын ресейлік екі заседатель және сайланып қойылатын екі «құрметті қонақ» қатысуға тиіс болды.

Үкіметтің сеніміне кірген ықпалды Шыңғыс ұрпақтары арасынан сайланған аға сұлтандар, олардың екі орынбасары-өздері онша түсінбейтін сайлау рәсімінен өткен қазақтар, тағайындалатын басқа да екі шенеуніктермен бірге алқалы басқару түрін көрсетті. Көп кешікпей аға сұлтандар іс жүзінде жергілікті отаршылдық әкімшіліктің айтқанынан шықпайтын құралдарына айналды.

Үкіметтің жергілікті номадтар жөніндегі саясатында оларды егіншілікке ынталандыру, «бақташылық өмірді» жою, олардың жер жыртуға көшуін көтермелеу маңызды бағыт болды. М.Сперанский мен оның төңірегіндегілер әдейі бесжылдық жеңілдік белгіледі немесе көшпелі халықтың барлық санаттарын салық алымдарынан босатты, мұндай бетбұрыс бұрынғы феодалдық жүйе бойынша міндеткерлік атқаруға, көшпелі аудандарда зекет пен соғым, егіншілікті аудандарда ұшыр төлеуге дағдыланған халық наразылығының алдын алуға ұмтылысқа байланысты болса керек.

Жарғының бірқатар параграфтарында 205-параграфқа сәйкес үш санатқа: қылмыстық, талап-арыздық және облыстық басқармаға шағымдар бойынша сараланған сот жүйесіне түзетулер енгізілді. Қылмыстық істерге мемлекеттік опасыздық, тонау, барымта, белгіленген билікке бағынбаушылық жатқызылды. Барлық талап-арыз істері билердің қатысуымен ауылдар мен болыстарда талқыланды.

Мұрағат құжаттары округтік шенеуніктердің әрбір санатына қызметі үшін төленетін ақыны анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы: аға сұлтан жылына 1200 сом, әрбір ресейлік заседательге-1000 сомнан, қазақ заседательдеріне - 200 сом, тілмашқа - 800, емшіге - 1000, болыс сұлтандарына - 150, іс жүргізушілерге - 300 сомнан төленген. Әрбір округтік приказда барлығы 15-ке дейін штаттағы қызметкерлер болды. Жыл сайынғы шығындар 31000 сомнан аспауы тиіс болды.

Реформа Орта жүз халқын ағартуға арналған жағдайды кеңейтті. Жарғының 250-параграфы округтік приказдарды «өздеріне сеніп тапсырылған халықтың ешбірі қайршылыққа ұшырамауына және қамқорсыз қалмауын барлық амалдармен ойластыруға» міндеттелді. Аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев Жарлықтың осы бабын басшылыққа ала отырып, Қарақаралы приказында мектеп пен мешіт ашуға Батыс Сібірдің Шекаралық басқармасы бастығының келісімін алды.

Барлығы 7 округ ашып, кейін олардың санын 8-10-ға дейін жеткізу көзделді, мақсат одан әрі Орта Азия шебіне шығу болатын. Алғашқы округ-Қарқаралы округі 1824 жылы 8 сәуірде ашылды. Жаңадан құрылған

округке кіретін болыстар құрамында 20 мың шаңырақ-шамамен алынған есептеулер бойынша, 60000-ға дейін ер-азамат болды.

1824 жылы 22 тамызда подполковник А.Григоровский Көкшетау округі мен приказын ашты, оның шегінде ағытай, керей, қанжығалы, қарауыл рулары шоғырланған еді. Марқұм Уәли ханның ұлы Абылай ханның кенже баласы Қасым төре бастаған ұрпақтары қолдаған Ғұбайдолла сұлтан аға сұлтан болып сайланды, заседательдер болып сайланғандар-«аса құрметті ақсақалдар»-Желқара Байтоқин, Мүкет Жәнібеков.

Бұдан кейін бірқатар округтер: 1825 жылы-Құсмұрын, 1826 жылы-Баянауыл, 1831 жылы-Аягөз (Сергиополь), 1832 жылы- Ақмола, 1833 жылы- Үшбұлақ, 1834 жылы- Аманқарағай, 40-50жылдары Көкпекті, Алатау округтері құрылды. Сайлауларда көшпелілерді таң қалдыратын салтанатты мерекелер: зеңбірек гүрсілі, мылтықтардан оқ ату, офицерлердің алтын жалатылған эполеттері дала тұрғындарының көзін қызықтырып, өз мемлекеттілігінің жойылуының куәлары болды.

Үкіметтің округтар құру жолымен «қазақтармен арадағы тыныштыққа және дұрыс басқаруға жетпекші» болған бастапқы мақсатына ХІХ ғасырдың 30-жылдарына қарай ішінара ғана қол жеткізді. Реформаны жүргізу жолындағы қиындықтар үкімет шенеуніктерінің жергілікті жағдайды үстірт білуіне, генерал-губернатордың белгілегендерін жедел қарқынмен іске асыруға ұмтылуына байланысты болды.

Орта жүзде хан мемлекеттілігінің жойылуы, әкімшілік-аумақтық жаңалықтарды енгізудегі асығыстық күні кешегі мүлгіп жатқан сияқты көшпелілер арасында оппозициялық пиғылдардың негізін күшейтті. Жаңа әкімшілік үш тағанды-ауыл, болыс және округті асығыс құра отырып, граф М.Сперанский мен оның ізбасарлары жергілікті факторлармен санаспады, сайып келгенде оны іске асырудың күш қолданылатын тактикасына сенді және реформаны жүзеге асыруға жасалған алғашқы әрекеттердің өзі қоғамда жіктеліс пен үкіметке қарсы пиғылдар туғызып отырды, ол 20 жылдан астам уақыт күреске ұласады деп ойламаған болса керек. «Шынында да, бұл жарғыда жалпы дағдыға айналған еркіндікті батыл жою ойластырылды және ол тұтас халыққа мелінше ауыр зардаптарға әкеп соқты», -деп әділетті атап өтті барон Услар, ол кейініректе Кенесары Қасымовтың тұтқыны ретінде ауылдарда бірнеше ай тұрған еді.

Орта жүзде хандық, феодалдық мемлекеттіліктің жойылуы, бір жағынан- қазақ қоғамының өзінде ішкі рулық талас-тартыстардың жалғасуы салдарынан, екінші жағынан-патша үкіметінің әскери-әкімшілік әрекеттерінің нәтижесінде болды.

1822 жылғы Сібір қазақтары туралы жарғы, алғашқы патшалық реформа ретінде бүкіл дәстүрлі билік құрылымын қиратып, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын қамтыды, қазақ қоғамы ішіндегі ең алдымен патшалық өзгерістерді, негізінен қиналмай қабылдаған шеп маңайындағы ауылдар арасындағы және кең далада еркін көшіп жүріп, көшпелі тәуелсіздіктің ең берілген жақтаушылары ретінде

сұлтандардың, билердің ақыл беру бойынша патшалық өзгерістерге көнбегендер арасындағы онсыз да өткір қайшылықтарды тереңдетіп, Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы оппозиция-ның топтасуын күшейте түсті.

1. Жарғының басты мақсаты:

- Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірінде әкімшілік, сот, саяси басқару-ды өзгерту.
- Рулық-феодалдық тәртіптерді әлсірету.
- Орта жүздегі хандық билікті жою.

2. Орта жүздің әкімшілік құрылымы:

- **ОКРУГ-** (15-20 болыс) басқарушысы округтік приказ және аға сұлтан.
- **БОЛЫС-** (10-12 ауыл) басқарушысы-болыс сұлтаны.
- **АУЫЛ-** (50-70 шаңырақ) басқарушысы-ауыл старшыны.

Ауыл старшындары мен аға сұлтандар 3 жылға сайланады. Болыс сұлтан-дары өмірлік мерзімге сайланып, билік мұрагерлікпен берілді. Егер мұрагері болмаса інісі немесе облыстық басқарма бекіткен туысы сайланады.

Болыстық сұлтан ресейлік 12-кластық дәрежедегі чиновникке теңестіріледі. Аға сұлтандарды тек сұлтандар ғана сайлап, майор әскери шені, 10 жылдан кейін дворяндық атақ берілді.

Орта жүз және Ұлы жүздің бір бөлігінің территориясы «Сібір қырғыздарының облысы» аталып, Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енгізілді. Басқару орталығы-Тобольск (1839 жылға дейін), кейін Омбы болды.

3. Сот ісі:

- Қылмыстық істер
- Талап ету
- Шағым айту

Қылмыстық істер округтік приказда қаралды. Округтік приказдың сот шешімдерін қайта қарауға құқы болмады. Істі алдын-ала тексеруге бимен қатар бір орыс чиновнигі қатыстырылды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» қабылдануының мақсаты неде?
2. Патша өкіметі қазақ жеріне неге жаңа реформа енгізді?
3. Реформалар салық мәселесі, жер мәселесіне қандай өзгерістер енгізді?
4. Бұл реформаның қандай жағымды және жағымсыз жақтары болды?

1.2. 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы»

1822 жылы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғының» жобасы жасалды. Кіші жүзде хандық билік 1824 жылы Азия комитеті бекіткен Орынбор генерал-губернаторы П.П.Эссеннің «Орынбор қазақтары туралы Устав» деп аталған жоба негізінде жойылды.

Кіші жүз үш бөлікке Шығыс, Орта және Батыс бөліктерге бөлініп, оларды сұлтандар басқарған. Билеуші сұлтандар Орынбор шекаралық комиссиясының шенеуніктері еді. Шекаралық комиссияның құрамына төраға, төрт кеңесші, ауқатты қазақтардан төр заседательдер болды. Шекаралық комиссияның міндеттері: тәртіпті сақтау, жергілікті шенеуніктердің және қамқоршылардың әрекеттерін бақылау, салық жинау, сот істері, дәрігерлік жағын бақылау.

Жергілікті әкімшіліктің құрамына жүздер бөліктерінің билеуші сұлтандары, дистанциялар мен жергілікті жерлердің бастықтары енді. Билеуші сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, ал қалған шендегілердің бәрін Шекаралық комиссия тағайындады. Әрбір билеуші сұлтандар жанында 100-200 адамнан тұратын әскери топ болды.

1831 жылдан бастап үш бөліктің қазақтары дистанциялық бөліктерге бөлініп басқарылды. Дистанция- орыс шекарасына жақын жатқан қамалдар арасындағы учаскелер. Мұндай басқару біртіндеп далалы аймақтарға да енгізілді. Кіші жүздегі бұл басқару жүйесі 1831 жылдан 1868 жылға дейін сақталды. Дистанциялық басқару іл ішіндегі рубасыларының билігіне шек келтіріп отырды.

Кіші жүздегі басқару билігіндегі бір ерекшелік-шеп бойындағы қамқоршы лауазымының енгізілуі. Бұл билікке тек патша шенеуніктері тағайындалды. Олар шеп бойындағы қазақтарға «қамқорлық жасаушы» органдар ретінде құрылды. Алайда бұлар да патша өкіметінің саясатын жүргізді.

Кіші жүзде жал-құйрығы күзелген, патша үкіметіне мейлінше тәуелді Ішкі Орда аталмыш ат төбеліндей Бөкей хандығы ғана сақталып қалды. 1824 жылы Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Орынборға қызметке шақырылып, Кіші жүздегі хандық билік жойылды. 1845 жылы Жәңгір ханның өліміне байланысты бұл хандық та күшін жойды. Оны уақытша кеңес арқылы басқару, билік орыс шенеуніктерінің қолына өтті.

Бөліктер:

- Батыс
- Орта
- Шығыс

Бөліктерді сұлтандар басқарды.

Дистанция- 1831 жылы енгізілді. Басқарушысы-ру шонжарлары.

Ауыл- басқарушысы –ауыл старшыны

Реформаның салдары:

- Орталық басқарылу нығайтылды.
- Табиғат байлықтарын кеңінен игеруге мүмкіндік туды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Кіші жүзде екі хан сайлаудағы патша өкіметінің көздеген мақсаты неде?
2. Дистанциялық басқарудың облыстық басқарудан өзгешелігі неде?
3. Реформалардың қазақ халқына тигізген зардаптары болдыма? Атап көрсет.
4. Реформаның авторлары туралы қандай қосымша мәлімет білеміз?

II. XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарындағы Қазақстан

2.1. XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарында жүргізілген әкімшілік реформалары

Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның Қазақ өлкесі жөнін-дегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. Патша өкіметінің мақсатына отаршыл империя тарапынан көп күш қолданылмай қол жеткізілді. Патша өкіметінің Қазақстанның Оңтүстігіндегі және Орталық Азиядағы жалпы саяси жағдайды өз пайдасына өзгерту жөніндегі әскери-әкімшілік әрекеттерінің зардаптарын Шыңжаңдағы Ресей консулы Н.Петровский : «Орыстардың Қоқан хандығын жаулап алуы істің жайын едәуір өзгертті. Әлсіз хандардың орнына Ресей мемлекетінің күшті билігі келді, ол көшпелілерді өз қаруының жеңімпаздығымен қорқытып, оларды өіне біржолата бағындырып алды, оларға тәртіп орнатып, олардың өздерін ерікті, тәуелсіз деп санау мүмкіндігін біржола айырды», - деп атап көрсетті.

Кең-байтақ Қазақстан аумағына орналастырылған әскери бөлімдерімен шектелмей, жаңадан жаулап алынған иеліктерде отаршылдық билікті нығайтуға негізделген Ресей оңтүстік-шығыс Қазақстанға қосымша жаңа әскери бөлімдерді, көбінесе Сібір шебі казак әскерлері құрамының бөлімдерін әкелді.

Орасан үлкен елді басқаруда бүкіл Қазақстан бойынша қалыптасқан әкімшілік-саяси және заңдық жүйенің болмауы жағдайында байырғы халықты бағынышты ұстауда арийимияға сүйену Солтүстік Кавказды біржола бағындыру кезінде өзінің артықшылығын көрсеткен, сынақтан өткен құрал болды. «Біз күшті болсақ, қазақтар бізге бағынады. Бірақ біздің даладағы билігіміз сәл әлсіреген жағдайда керісінше... болды»- қазақтар жөніндегі қатаң саясатты белсене жақтаушылардың бірі Орынбор генерал-губернаторы А.О.Дюгамаль Ресейдің Қазақстанда күшті әскери қатысуының дұрыстығын осылайша негізделді.

1867-1868 жылдардағы реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуды ол шетінен бұл шетіне дейін аралап өткен А.Гейнс казак қоныстанушыларының бейбастақ әрекеттерінің салдарын былай деп өкінішпен баяндалған: «Жақын маңдағы ағаш атаулыны түп тамырымен қазып алып, тып-типыл еткені сондай адам бұрын орман өсіп тұрған жерге келген кезде бір шыбықты да көрмеді..». Сонымен бірге казактар жаңа қоныстар үшін таңдаған кезде қазақтардан жердің тартып алу жағдайларын реттейтін заң нормаларының болмауы себепті «егіншілік үшін ең шұрайлы» аудандарды басып алып, «аборигендерді» құнарсыз, қуаңшылықты жерлерге ығыстырып шығарып, жергілікті бастықтарға «дән ризашылығын білдіріп отырды».

Толық жазасыздық жағдайында казактардың жүгенсіздігі олардың кейде «қазақтар малын аулауға шығып» оны тартып алатын, ал «қарусыз казак өз құқықтарын қорғаудың құрбандығына ұшырап қалатын» жағдайға

дейін жетті,- деп Жетісуда болған саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-Шанский ашу-ызамен жазған.

«Уақытша ережені» патша өкіметі үкімет шенеуніктерінің ұсыныстары негізінде әзірледі. Крепосниктік құқықтың жойылуы, осыдан кейін Ресейдің өзінде жасалған басқа да өзгерістер, олардың басқа ұлттық шет аймақтарды басып алуы қайткен күнде де алыстағы Қазақстанды қамтуға тиіс болды. Бұл реформалардың буржуазиялық мазмұны ең алдымен империяның орталық губернияларында капитализмнің үнемі «тереңдеп», ұлттық шет аймақтарда «кеңейе» дамытылуында ерекше айқын көрінді.

Ресей империясы Оңтүстік Қазақстан жерлерін отарлағаннан кейін, оны басқару жөніндегі мәселесін қарастырып, елдің шаруашылық аудандарын, әдет-ғұрпын, дәстүрлі басқару жүйесін зерттеуге кірісті. Бұл үшін орыс үкіметі қазақ даласын басқару туралы ережені дайындау мақсатында, 1865 жылы «Дала комиссиясын құрып, оның құрамына Ресей ішкі істер министірлігінің өкілдерін және Орынбор мен Батыс-Сібірдің депутаттарын кіргізді. Комиссия алдында қазақ даласында жаңа басқару жүйесін енгізу мүмкіншілігін туғызу және жергілікті халықты орналастыру мен христиан дінін тарату мүмкіндіктерін анықтау міндеттері жүктелді.

1865-1866 жылдары Дала комиссиясы Қазақстан жерін Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтарына қаратып, оған басқару жөніндегі ереже жобасын дайындады. Жобаны арнайы комитет мақұлдады. Генерал-губернаторлықтарға барлық әскери және азаматтық билік құқықтары берілді. 1867 жылдың 11 шілде айында Сырдария және Жетісу облыстарын басқару ережесі бекітілді. Ережеге сәйкес, Оңтүстік Қазақстанды құрайтын екі облыс, орталығы Ташкент қаласы болып, Түркістан генерал-губернаторлығына қаратылды. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына 1868 жылы Заравшан, 1873 жылы Амударья, 1876 жылы Ферғана, ал 1899 жылы барлық Каспийдің арғы жақ жағалауы (Закаспий) қаратылды. Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы болып К.П.Кауфман тағайындалды.

Патша үкіметінің 1867 жылы әзірлеген «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару ережесі» тәртібінің қолдану кестесі 1871 жылы аяқталды. Осыдан кейін, Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы К.П.Кауфман өлкеде орыс әкімшілінің ықпалын арттыру мақсатында, отаршыл әкімшілік дайындаған жобаны үкіметке ұсынды. Ереженің кіріспесінде ол былай деп жазған: «Всем, кто знает Восток, а в особенности Среднюю Азию, хорошо известен, что представитель власти должен высоко стоять над туземцем». К.П.Кауфманның әзірлеген жобасы Ресей империясының көптеген министрліктер мен ведомстволарында қаралып, кемшіліктері сынға ұшырап оларды пысықтау үшін кері қайтарылды. Осы мақсатта Ташкент қаласында арнайы комиссия құрылды. Аталмыш комиссия Түркістан генерал-губернаторлығының басқару ережесін екі жылдай көлемде қарастырып, кемшіліктерін толықтырып,

жобаны 1873 жылы Әскери министірге бекітуге ұсынды. Алайда, екінші ұсынылған жоба да қанағаттанарлықсыз деп табылды.

1880 жылдан бастап, бірқатар тартыстардан кейін, Түркістан генерал-губернаторлығын басқару ережесі генерал М.Д.Скобелев төрағалық еткен комиссияның талқысына ұсынылды. Бұл сәттегі патша өкіметінің ұмтылған басты қағидасы басқару шығындарын мүмкіндігінше азайту болды. Тап осы мезгілде, Түркістан өлкесіне сенатор Ф.К.Гирс жергілікті әкімшілік орындарын тексеруге жөнелтілді.

1882 жылы К.П.Кауфманның орнына генерал М.Г.Черняев тағайындалды. Ол генерал-губернаторлық ауқымда реформаларды қайта жүргізуге бет алды. Түркістан мәселесі жөнінде арнайы комиссия құрылып, оны Ф.К.Гирс басқаратын болды. Комиссия құрамында Азия департаментінің кеңесшісі Кобеко, офицер Иванов, генерал Куропаткин кірді. 1883 жылы Ф.К.Гирс Түркістан өлкесін басқарудың жаңа жобасын жасап, оны 1884 жылы Игнатьевтің дайындаған жобада отаршылдық саясатын күшейттіру тәсілдері мен өлкені орыстандыру мәселелері қаралды. Жоғарғы мекемелерде талқылаудан өткен жоба, 12 маусым 1886 жылы заң жүзінде бекітілді.

Алайда Қазақстан сияқты орасан кең елде үкімет жергілікті жағдайларды елемей отыра алмады, оларды елемей 20-30 жылдарда үкіметке қарсы күшті оппозиция туғызып, оның зардаптары ХІХ ғасырдың 60-жылдарындағы ұрпақтың есінен әлі шыға қоймаған еді. 1865 жылы ІІ Александр патшалық жеке өкімі арқылы толық құпия кеңесші Гирстің басшылығымен Түркістан өлкесі мен қазақ даласына жіберілген комиссия басқа қырларымен қоса номадтарда қолданылып келген әдет және исламдық заң ілімінің заңдық нормалары туралы жа көп материал жинады. Реформаны дайындау кезінде қалың бұқараның ой-ниеті ескерілмеді. Ислам канондарына негізделген дәстүрлер мен ғұрыптар империяның билеуші топтарының саяси және экономикалық мүдделеріне сай келетін дәрежеде ғана ескерілді. Ш.Уәлиханов жергілікті халықтың тұрмыс жағдайларын жақсартуға, дәстүрлерін сақтауға жәрдемдесетін батыл реформалар жүргізуді жақтады. Ұлы ғалым аталып отырған өзгерістер, мысалы, сот жүйесінде орыс үкіметі үшін де, қазақ халқы үшін де қиындатылған, ауыр бюрократиялық берекесіздіктің орнына бұрынғы әкімшілік құрылысты өзгертуге әкеп соғуы ықтимал, округтерде өзін-өзі басқару негіздерінде неғұрлым ұтымды басқарма құрылатын болады деген үміт білдірді. Алайда қазақтар өміріне арналған реформаның әзірленуі барысында аса көрнекті ғалымның ой-пікірлері қабылданбай тасталды.

ХІХ ғ. 60-шы жылдарында Қазақстанның жері бірнеше әкімшілік-территориялық облыстарға бөлінді. Облыстар үш генерал-губернаторлықтың құрамына кірді. Мұндағы мақсат – отаршылдық тәртіпті күшейту еді. 1867 жылғы 11 шілдеде ІІ Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жобаны, 1868 жылы 21 қазанда екінші жоба –Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережені» бекіту туралы жарлыққа

кол қойды. «Уақытша ережелердің» екі жобасы да 1869 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілетін болып ұйғарылды.

Сөйтіп, 1868 жылдан бастап жаңа тәртіп бойынша қазақ даласын облыстарға, облыстарды уездерге, уездерді болыстарға, болыстарды ауылдарға бөлді де, ел арасында съезд өткізіп, болыс, старшын сайлау дегенді енгізді. Үш генерал - губернаторлық: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір. Барлық әскери және азаматтық өкімет билігі түгелдей генерал-губернатордың қолында болды.

Орынбор генерал - губернаторлығына - Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібірге генерал - губернаторлығына – Ақмола мен Семей облыстары, Түркістан генерал - губернаторлығына – Жетісу мен Сырдария облыстары енді. Жетісу орталығы Верный, Сырдария орталығы-Ташкент болды. Бұрынғы Бөкей хандығының жері 1872 жылы Астрахань губерниясына қосылды. Маңғышлақ приставы 1870 жылы Кавказ әскери округінің қарауына берілді, ол кейіннен Закаспий облысына енді.

Облысты әскери және азаматтық өкімет билігі берілген әскери губернатор басқарады. Ол сол облыс жеріне орналасқан әскердің атаманы болып тағайындалады. Әскери губернатор жанынан үш бөлім: жарлықшы, шаруашылық және сот бөлімдерінен тұратын облыстық басқармалар құрылды. Әрбір бөлімді аға кеңесші басқарады. Облыстық басқарма төрағасының міндеті губернатор орынбасарына жүктелді.

Облыстар уездерге бөлінді

Облыс аты	Уездері
1. Жетісу облысы	Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл, Тоқмақ, Жаркент
2. Сырдария облысы	Қазалы Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент, Жизақ
3. Орал облысы	Орал, Гурьев, Калмыков, Ембі (Темір)
4. Торғай облысы	Елек (Ақтөбе), Николаевск (Қостанай), Ырғыз, Торғай
5. Ақмола	Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл
6. Семей облысы	Баянауыл, Зайсан, Көкпекті, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен

Уезд басқарушыларын облыстар әскери губернаторының ұсынуы бойынша офицерлерден генерал-губернатор тағайындап отырды. Әрбір уезд бастығының екі-аға және кіші көмекшісі болды. Өкімет билігі уезд бастығының қолында болды. Полициялық өкімет орындарын да соның өзі басқарды. Уезд орналасқан әскери бөлімдерде мекемелер мен бекіністер уезд бастығына бағынды. Уезд аймақтық жүйе бойынша болыстардан құрылды. Ал болыстар шаруашылық жағынан бірнеше ауылдардан біріктірілді. Ауылдар 100-200 шаңырақтан құралып, болыстар 1000-2000, кейде 3000-ға дейінгі шаңырақты қамтыды.

Бір отбасының екінші бір ауылға көшуіне сол ауыл отбасыларының келісі мен ауыл старшыны мен болыс басқармасының рұқсаты керек болды. Болыс басқарушысы мен ауыл старшыны болып байлар қалаған адамдар ғана сайланды. Сайлау болыстық съездер мен аулдық жиындарда өткізілді.

1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды. Олар негізінен империялық заңдар жүйесінде отарлау мақсаттарына бейімделіп жұмыс істеді. Ауылдарда феодалдық билер соттары, ал Сырдария облысының қыстақтарында-қазылар соттары сақталған. Әрбір болыста 4-тен 8 биге дейін сайланды. Билерді әскери губернатор бекітті. Бұларға жалақы төленбеді. Ақыны билік айтқаны үшін айыптылар төлеген. Олар дау-жанжалды шешкенде, тек шарифат ережелерін басшылыққа алды. Әскри және уездік соттардың қарауына жатпайтын азаматтық және қылмыстық істердің барлығын облыстық басқармалар қарады.

Ереже бойынша салық жинау мен міндетті жұмыстар атқаруға мейлінше мән берілді. Үш жылда бір рет түтін санының есебі алынып, тексеріліп отырылған. Түтін саны жасырылған жағдайда болыс басқарушылары жасырылған отбасы санынан екі есе айып алған. Түркістан генерал-губернаторлығының мал өсірушілерінен түтін салығы 2 сом 75 тиын болса, ал Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығында 3 сом мөлшерінде алынып отырған. Сырдарияның отырықшы егін өсіруші аудандарынан харадж және танаптық салық алынды. өнімнің 1/10 бөлігі түрінде заттай немесе ақшалай алынды. Ал танап бір танапқа (десятина) 1/8 бөлігі болып, оның мөлшерін генерал-губернатор белгілеп отырған.

Әкімшілік басқарылу құрылымы 5 сатылы басқару жүйесіне негізделді:

- 1. Генерал-губернаторлық** (басқарушысы- генерал-губернатор)
- 2. Облыстар** (басқарушысы-әскери-губернатор, атаман)
- 3. Уездер** (басқарушысы-уезд бастықтары)
- 4. Болыстар** (басқарушысы-болыс сұлтаны)
- 5. Ауылдар** (басқарушысы-ауыл старшыны)

1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша әскери-сот комиссиялары мен үздік соттар құрылды, олар жалпы империялық заңдар негізінде жұмыс істеді.

Полиция, әскери бөлімдер, уездегі мекемелер, бекіністер уезд бастығына бағынды. Уезд бастықтарының қолына әкімшілік және полицейлік билік шоғырландырылды. Оларды әскери губернатордың ұсынуы бойынша генерал-губернатор тағайындады.

Әкімшілік басқарудың әскери сипаты:

- Облыс басқарушысы әскери және азаматтық билікті қатар жүргізді.
- Болыс басқарушысы полицейлік және тәртіп орнататын билікті иемденді.
- Реформаның басты қағидасы-әскери және азаматтық биліктің ажыратылмауы.

Сот ісін басқару құрылымы:

- Әскери сот комиссарлары
↓
- Уездік соттар
↓
- Билер мен қазылар соты

Бұл «ережелер» екі жыл мерзімге тәжірибе түрінде уақытша енгізілген болатын. Алайда, бұл «тәжірибе» жергілікті халыққа теріс әсер етуі ықтимал деген қауіппен 20 жылдан астам уақытқа созылды.

1886 жылы одан соң 1899 жылдары енгізілген ережелер, Түркістан өлкесін орталық Ресей жүйесіне бірте-бірте жақындатып, отырықшы және көшпелі халықтың орыс өкіметіне деген тәуелділігін аттыруда әсерін тигізді. «Өз елінде өзге халық» дәрежесіне түскен қарабайыр халық енгізілген заңдар салдарынан өз тағдырын шешу мүмкіндіктерінен айырылды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. 1867-1868 жылдардағы реформалардың өзгешелігі неде?
2. Реформа бойынша сот жүргізу істері қалай реттестірілді?
3. Реформа бойынша салық түрлері мен мөлшерлері қандай?
4. Империялық соттар дегенді қалай түсіндіресің?
5. Патшалық реформаның зардаптары мен жаңалықтарын салыстырмалы түрде түсіндір.

2.2. 1886-1891 жылдардағы реформалар бойынша әкімшілік және сот құрылысына енгізілген өзгерістер

Патша өкіметі 1867-1868 жылдардағы ережені уақытша енгізген болатын. Халықтың қарсылығы туып кетер деген сақтықпен ол ереженің күшін 80-жылдарға дейін сақтап келген. Ереженің көптеген тармақтарына өзгерістер жасап отырды. Сол өзгерістерді 80-90 жылдары аяқтап, патша өкіметі Қазақстанда шексіз саяси үстемдік жүргізу үшін өзінің жаңа реформаларын енгізе бастады.

1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды. Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарқанд және Сырдария облыстары кірді. Сырдария облысы Амудария бөлімінен және Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата және Ташкент атаулы 5 уезден құрылды. Ал Орынбор мен Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының орнына орталығы Омбы болған Далалық (Степной) генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кірді. 1897 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының қарауына берілді.

Генерал-губернатордың билігі шексіз болды. Облыстық басқармалардың барлық басқару аппараттары сөзсіз бағынышты болды. Ал облыстық басқармалар империяның орталық аудандарындағы губерниялық басқармаға теңестірілді. Уезд шеңберінде басқару уезд бастықтарының қолына шоғырланды. Верный, орал, Петропавл және Семей сияқты ірі қалаларда өз алдына қалалық полиция басқармалары болса, ал кіші қалаларда приставтықтар құрылды.

Жергілікті халықтың сайлап қою сипаты жай қағаз жүзінде ғана сақталды. Патша әкімшілінің жоғарғы орындары болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын тағайындай салуға құқылы болған. Жергілікті жерлерде сауазымды қызметке ірі байлар мен шонжарлар өкілдері сайланды. Сайлау науқаны кезінде сатып алу етек алды. Ереже бойынша, отырықшы халықтар мен көшпелі халықтар әкімшілік құрылымы жағынан теңестірілді. Жергілікті халық өкілдеріне әлеуметтік жағынан артықшылықтар беріліп отырды. Дала өлкесіндегі уездерде отырықшы аудандарда селолық қоғамдар құрылып, оларды село старшындары басқарды, ал Түркістан өлкесінде оларды ақсақалдар деп атады да, ақсақалдар қоғамы құрылды.

Патша өкіметі қазақ жерін Ресейдің мемлекеттік жері деп жариялағанымен де, қазақ үстем таптарының жеке меншігін жоя алмады. Сол сияқты қазақ ауылындағы жайылымдық жер бөлудің әдеттік нормаларына негізделген тәртіп сақталды, бірақ оған біршама шек қойылған еді. Қазақтар ақшалай алым-салық төлеп тұрды. 1891 жылғы «Ереже» бойынша әр түгіннен 4 сомға дейін жиналған.

Түркістан өлкесін басқару туралы «Ережеде» империялық соттар құрылса, екінші жағынан «Халықтық соттар» дейтін жергілікті соттар да

жұмыс істеген. Алайда, отаршылдық өкімет орындарының мүдделері жоғары қойылып, халықтық соттарға қысым жасалып, олардың ісіне нұсқан келтіріліп, өктемдік көрсетіліп отырылған.

Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы Ережелерге сәйкес империялық соттар жүйесін - әлемдік соттар, облыстық соттар және жоғарғы соттар құрды. 1867 жылғы «Ереже» бойынша құрылған әскери соттар жойылып, олар облыстық соттар мен бітістіруші судьялармен ауыстырылды. Тергеу қызметін арнаулы сот тергеушілері мен бітістіруші судьялардың көмекшілері жүргізді.

XX ғасырдың басында қазақ даласын тонау үрдісі күшейе түсті, халық арасында күйзеліске ұшырағандар саны артып, олар жалдануға мәжбүр болды. «Өз елінде өзге халық» дәрежесіне түскен қарабайыр халық енгізілген заңдар салдарынан өз тағдырын шешу мүмкіншіліктерінен айылылды. Себебі, патшалық Ресейдің отар аймақтарында жүргізілген рухани-саяси езгісі өте ауыр соққы болып, полицейлік бақылау тәртібі одан сайын күшейді. Ресей империясының бастапқыдағы заң жобалары, одан соң түзетулері қазақтың жеке басымен оның мүлкінің сақталуына кепілдік бермеді. Әсіресе, халық үшін рухани отарлаудың қаупі төнді. Орыстандыру мен шоқындыру саясаты шексіз жүргізілді.

Жалпы, патша өкіметінің реформалары патша өкіметінің отарлау саяса-тын жүргізуге сәйкес жасалған. Олар белгілі мерзім өткен сайын өзгеріп, отарлық жердегі жергілікті халықтарды тонаудың жолдарын күшейтті. Қазақ жерінде жүргізілген бұл реформалардың зардаптары орасан зор болды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. 1891 жылы 25 наурызда қабылданған ереже қай облыстарға байланысты?
2. 1891 жылы қабылданған ережені 1867-1868 жылдардағы реформа нәтижелерімен салыстыр? Енгізілген өзгерістерді салыстырмалы түрде түсіндір.
3. Патша өкіметінің «Бөліп ал да, билей бер» принципіне негізделген отарлау саясатын түсіндір.

2.3. Патша үкіметінің аграрлық саясаты

Патша үкіметінің қазақтар орналасқан жерлердегі аграрлық саясаты бірте-бірте жүргізілді, мемлекеттің заңдық және шаруашылық құқықтарын бекіту дәйекті түрде жүзеге асырылды. Мысалы, 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғыда» жерге мемлекеттік меншік туралы еш жерде тікелей айтылмаған. «Әрбір округтің лайықты түрде айқын межелеген жері болады, басқа округтің тұрғындары жергілікті бастықтардың оған дәл рұқсаты болмайынша көше алмайды» деп жарияланған. Жерді межелеуде әскерилердің қатысуымен облыстық бастық шешуші рөл атқарды. Сонымен бірге облыстық бастықтар аға сұлтанның қоныстануына арналған, заседательдерге арналған округтік жер бөліктерін, сондай-ақ сұлтандарға шаруашылық жүргізуге үш есе, старшындарға екі есе жер бөлікіерін мұрагерлік меншікке деп бөліп отырған. 15 десятина болатын бір норма казактардың, тілмаштардың және қазақтардың егіншілікпен нысаналы айналасуы құқығымен бөлінді, бірақ күтім жасалмаған жағдайда 5 жылдан кейін қайтып алынды. Даулы жер мәселелері үш бидің куәлігімен жеребе бойынша шешілді.

1844 жылғы 14 маусымдағы «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереженің» өзінде-ақ «орынбор қазақтары орналасқан, ерекше облыс түрінде Бүкіл ресейлік империяның бір бөлігін құрайтын жерлер Сыртқы істер министірлігінің қарауында болады» және «орынбор қазақтарына және олар көшіп жүретін жерлерге қатысты жобалармен қандай да бір жаңа ұйғарымдарды Орынбор әскери губернаторы Министірлікке енгізеді» деп тура мәлімделген.

Кейін, 1867 жылы «Қазақ даласындағы басқару туралы ережелерді» әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшелері қазақтардың жерге құқықтарын анықтайтын басқа заңның жоқ екенін және соның негізінде қазақ жерлерінің «Орынбор өлкесінің жергілікті бастықтары мемлекеттік деп ... танып келгенін және танып отырғанын» атап өтті. 1868 жылғы 21 қазандағы «Басқару туралы уақытша ережеде» жерді пайдалану мен иемденуге айқын шек қойылды. «Уақытша ереженің» 210-параграфында «қазақ қоныстары алып жатқан жерлер мемлекеттік деп танылады және қазақтардың қоғамдасып пайдаланылуына беріледі» деп жазылған. Жер пайдалану нысандарының қалай анықталатындығына сәйкес барлық жер қыстаулар мен жайлауларға бөлінді. Мысалы, қыстаулар болыстар мен ауылдар арасында арнаулы съездер мен жиындарда, ал жекелеген шаңырақ иелері арасында ауыл қоғамдарының ішінде бөлінді. Қыстаулардың шектелуі мүмкін болатын, олардағы қора-қопсылар жеке меншікте болды. Қыстаулар мұраға берілді, қора-қопсысы болғанда ғана мұраға алуға құқылы болды. Ал жазғы жайлаулар болыстардың қоғамдық пайдалануына қауымдық құқықтың белгіленген дағдыларына сәйкес берілді. Болыс мүшелерінің өзара келісіміне сәйкес егін егетін және шөп шабатын жерлер, сондай-ақ олардағы құрылыстар жеке меншікте болды. Қазақстанның оңтүстігіндегі көшпелі халықты жерге осылайша

орналастыру шын мәнінде 1886 жылғы 2 маусымдағы «Түркістан өлкесін басқару туралы ережеде» жарияланды.

1891 жылғы 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» сол кездегі Қазақстан аумағындағы жерді пайдалану және жер иелену туралы барлық заңдарды бір ізге түсіріп, басын біріктірді. Жер, соның ішінде ормандар да мемлекеттің меншігі деп танылды (119-бап), ал қоныстар алып жатқан жерлер мерзімсіз қоғамдық пайдалануға берілді (120-бап).

XVIII ғасырдан бастап қазақ жерлеріне шаруаларды қоныс аудару казактардың ортарлауынан кейін өкшелес жүргізілді. Үкіметтің пікірінше «орыс тұрғындарын» көбейту керек болған жерлерде қоныс аударушыларға ерекше жағдайлар жасалды. Оларға ең алдымен империя құрамына біршама жақында енген Жетісу, Зайсан приставтары және т.б. жерлер жатқызылды. Мысалы, үкіметтік ұйымдар «...орыс адамдарын орналастыру біздің Қытаймен шекарамызды қорғау мақсатында Өскемен және Зайсан уездері үшін ерекше маңызды» деп санады. Бұдан әрі «бүкіл шекара өңірі ...орыс поселкелері дуалымен тұтас жабыылар еді» деген тілек білдірді. XIX ғасырдың 40-жыылдарында тек қана казактар қоныстандырылған Жетісуда 60-жылдарда облыс губернаторы Г.А.Колпоковскийдің бастамасы бойынша «өлкені орыстандыыру мақсатында» шаруаларды орналастыруға рұқсат етілді. Шаруаларды тарту үшін 1868 жылдан бастап Жетісуға көшіп келгендердің отбасындағы ер адамдардың әрқайсысына 30 десятина жер бөлінетін, шаруашылық жүргізу үшін қарыз берілетін және 15 жылға салықтардан бостылатын ереже қабылданды.

XIX ғасырдың 60-жылдарында әйел-еркегі бар 81247 адам болған Жайық казактары 6235335 десятина құнарлы жерге (егістік, шабындық, жайылым жерлер), мол су көзіне ие болды. 1865 жылы Орынбор казак әскерлеріне әр түрлі шені бар 7567 адамға 7509623 десятина жер тиесілі болды. Сонымен бірге жергілікті казактар «өздерінің жеріне» көшіп келгені үшін, сол жерді пайдаланғаны үшін атаманның пайдасына мөлшерсіз салық төлеуге мәжбүр болды. Оның басты себебі Кіші жүз казактарының табиғат байлықтарын: жерді, орманды, балығы мол, әрі отын, әрі малға азық болып келген қамысы көп, өзен-көлдерді пайдалану мүмкіндігінен айырылуы еді. Тұз өндіру көздері, аң аулайтын жерлер патша үкіметінің бұйрығымен Орал және Орынбор казак әскері мен генерал-губернаторының меншігіне берілді.

Тек 1885 жылдан 1893 жылға дейін Ақмола облысының жергілікті халқынан 251779 десятина жер тартып алынып, 10940 халқы бар 24 жаңа селолар пайда болы. Семей облысында бұл кезде қазақ шаруаларынан 33064 десятина егістік жер тартып алынды. 1884-1891 жыл аралығында мұнда 3324 отбасы қоныстанды. Шеттен шаруаларды әкеліп қоныстандыру Сырдария облысын, Шымкент, Ташкент және Әулиеата уездерін кеңінен қамтыды.

1900 жылғы халық санағы бойынша тек Қазақстанның бес облысында (Ақмола, Орал, Торғай, Семей, Жетісу) ғана 3 463 598 адам болса, оның ішінде еуропалық Ресейден келгендер 247 мың адам, Сібірден-42119, Орта Азиядан-25530, Польшадан-1191, Кавказдан-1672, басқа жерлерден 3557 адам келді. Сөйтіп, 1900 жылы 5 облыс бойынша сырттан келушілер өлкенің барлық халқының 10,5 пайызын қамтыды. Оларға 44 миллион гектар жер таратылды.

1731 жылдан 1822 жылға дейін созылған ел билеу жүйесіндегі протектораттық дәуірде патша өкіметі ел билеудің бұрынғы хандық жүйесін сақтап, елдің ішкі тірлігіне араласпай, қазақ елін өздеріне бас шұғып бағынышта болған хандар мен сұлтандар арқылы басқарды. Одан соң Кіші жүзде хандықты жойып, оның орнына аға сұлтандық жүйені енгізді. Біртіндеп халықты тәуелді етіп, Ресейдің әкімшілік басқару жүйесін енгізе бастады.

Отарлау саясатының 1822 жылдан 1867 жылға дейін созылған кезеңде Ресей империясы әскери отарлау арқылы жергілікті халықты шұрайлы қоныстарынан қуып, ішкерілей еніп бекіністер салуы, бұл патша өкіметінің еркіндігін көрсетеді. Қазақтардың орнына алғашқыда орыс-казак отаршыларын әкелсе, келесі 1867-1891 жылдары қазақ жеріне орыс шаруаларын алып келіп қоныстандыра бастады. Бұған дейін хан-сұлтандар арқылы билеп-төстеген олар енді бұл істі тікелей өз қолына алады. Бұл өкімет қазақтарды адам қатарында санамаған, жерінен, малынан айырылғандары аз болғандай, оларға түтін салығын салып, басқаша да тонап, күн көрулеріне мүмкіншілік қалдырмаған. Өзгеге титтей зияны жоқ қазақ халқы, тіпті өлетін болған соң, қолына қару алып, жауына қарсы шығады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Ресейдегі крепосниктік құқықтың жойылуының Қазақстанға әсері қандай болды?
2. Шаруаларға қоныстандыру мәселесіндегі «Жер қоры» комиссиясының қызметі қандай?
3. Қоныстанушы шаруаларға берілген артықшылықтарды ата.
4. Жергілікті халықтың қоныстанушыларға көзқарасы қандай болды?
5. Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың ұлт-азаттық көтерілістерін ата. Шығу себептері мен нәтижелері қандай?
6. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі қозғаушы күштері кімдер?

III. XIX ғасырдың II жартысындағы Маңғыстаудың әкімшілік-аумақтық құрылымы

Патшалық Ресейдің отарлаушылық мақсаттарын жүзеге асыруда Маңғыстау ауданы өзіндік геосаяси жағынан тиімді болды.

1824 жылғы реформа бойынша Маңғышлақ түбегі Кіші Жүздің батыс бөлігіне жатты. Кіші Жүзде басқарудың дистанциялық жүйесінің таралуына байланысты патшалық Ресейдің отаршылдық аппараттарына заңды түрде хатталуы XIX ғасырдың 40-жылдары басталды.

Жергілікті қазақтар 54 дистанцияға бөлінді. Оның өзі 4 бөлімшеге бөлінді: Оңтүстік Үстіртті қыстаған Қырықмылтық, Түрікмен-адай, Құнанорыс және Балықшы, және басқа рулар. Дистанцияны ірі би Есенжан Абызов басқарды. Оны Орынбор шекаралық комиссиясы және Жүздің батыс бөлігін билеген сұлтан тағайындады. Жоғарыда аталған барлық бөлімшелердің билері оның көмекшісі болды. Дистанция 10 әкімшілік бөлімнен, шамамен 150 мың үйі бар 240 ауылдан тұрды.

Өлкенің ауқымдылығына және жергілікті тұрғындардың бір-бірінен шалғай орналасуына байланысты отарлау бірден жүзеге аспады. Орыс шенеуніктерінің өздері де бұл ауданды отарлаудың қиынға соғатынын мойындады. Тек әскери бекіністердің салынуымен, әсіресе Каспий теңізінде кемелердің жүзе бастауымен ғана 1846 жылы бастап патшалық билік Маңғышлақта тарады.

Кейінірек ауданның ауқымдылығына және басқарудың қиындығына қарай 1868 жылы Маңғышлақ екі дистанцияға бөлінді: Жоғарғы және Төменгі. Біріншісіне Үстіртті қыстаған үш бөлімше кірді, ал Төменгісіне – Маңғышлақты қыстаған бес бөлімше жатты. Жоғарғы дистанцияны адайлардың ірі биі Бәйімбет Майв басқарды, ал Төменгі – Ғафур Калбин. Олар Форт-Александровск комендантының тікелей көмекшілері болып табылды. Дистанция басшыларының екеуі де өздерінің қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарды. 1844 жылғы өзгерістерден кейін олар патша әкімшілігінен сыйлықтар алып отырды. Мысалы, Ғафур Калбин «осы уақытқа дейін Маңғышлақта ешбір адам мұндай мәртебеге ие болмаған, Петербургтегі патша ағзам Императормен кездесу мәртебесіне ие болды».

Кіші Жүзде күрке алым-салығын жинау 1837 жылдың қысынан басталды. Бастапқыда тек қазақ жерлерін қыстаған қазақтардан алынды. Салық ресми түрде 1844 жылы бекітілді. Бастапқы жылдары жергілікті тұрғындар салық төлеуден құтылып кетіп отырса, 1846 жылы Маңғышлақта әскери бекіністердің пайда болуымен оларға салықты үнемі төлеуге тура келді, еске сала кетсек көбіне екі рет төледі – біріншісін Қыстауға көшкенде Форт-Александровскіде комендантқа немесе жергілікті басшыға, екіншісін жайлауға өткенде Кіші Жүздің батыс бөлігінің басқарушы-сұлтанына төледі. 1868 жылы 21 қарашада қабылданған «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының дала облыстарын басқару туралы Уақытша Ережеден» кейін Орал облысының құрамындағы приставқа айналды. Осы уақыттан бастап

Қазақстанның бұл бөлігін басқару мен басқа аудандарын басқарудағы ерекшеліктері басталады. Ескере кететіні пристав Ресей империясының әкімшілік бөлу жүйесіндегі ортақ қабылданған бірлік емес еді. Оның енгізілуі бағынышты аудандарды, әсіресе шекаралық стратегия сферасында болғандарды әскери-полицейлік билеудің жарқын көрінісі болды.

Маңғышлақ приставының басында подполковник Рукин тұрды. Ол бірнеше рет 1869 жылғы Орал, Торғай облыстарындағы қозғалыс кезінде қазақтарды басатын жазалаушы отрядты басқарды. Бұл жергілікті аксүйектерді биліктен аластатудың жаңа қадамы болды.

Мұнда болыстықтың қалыптасуы және болыстарды сайлау өзінше жүрді. 1868 жылғы Ереже бойынша қазақтардың көп аудандарында болыстар және ауыл старшындары халықтың сайлауымен тағайындалса, ал Маңғышлақта оларды орталық әкімшілік тағайындады. Бұл туралы Орынбор генерал-губернаторы Н.Н.Крыжановский әскери министрге баяндауында былай дейді: «Үлкен ауданда бытыраңқы орналасуына байланысты сайлау өткізу үлкен қиындық туғызады. Сондықтан қазіргі бөлімшелерді басқарушыларды – болыс, ал бөлімшелерді – болыстық деп құптаймын». Осылайша ірі билер Майв пен Калбин автоматты түрде болыс болса, ал дистанция – болыстық болды. Маңғышлақта қозғалыс туындатпау үшін Н.Крыжановский мынадай ұсыныстар жасайды: тыныштықты сақтау үшін және басқаруды жеңілдету үшін Маңғышлақ приставына екі көмекші қызметкер тағайындады. Олардың әрқайсысына зем салығы орнына 400 рубль күміс ақша айлық төледі.

1870 жылы 2 ақпанда шыққан жарлық бойынша Маңғышлақ приставы Орал облысынан Дагестан облысының қолбасшысы қолына өтті, ал аймақтағы адайлар мен түрікмендер еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды. Генерал-адъютант князь Меликовтың ұсынысымен Маңғышлаққа әскери-халықтық басқару енгізілді. Бірақ бұл сақтықтар халықтың табиғи және заңды ашу-ызасының алдын ала алмады. Кіші Жүздің басқа рулары сияқты Маңғышлақ қазақтары да «Уақытша Ережеге» көтеріліспен жауап берді.

Маңғышлақты басқаннан кейін 1871 жылы әскери министрлікте оны болашақта басқарудың мәселелері қарастырылды. Бір жылдан кейін Кавказ әкімшілігінің жобасы бойынша, пристав орнына Дагестандағыдай әскери бөлімше ұйымдастыру ұсынылды, ал халықты 4 бөлімшеге бөлу:

1. Түрікмен 2. Маңғышлақ 3. Бозащы 4. Үстірт.

Тікелей қадағалау бөлім басшылығына тағайындалған сардарларға жүктелді. Бұл, бүкіл Қазақстанда жүргізілген басқару жүйесінен ерекшеленді. Әскери министрлік оның Маңғышлақтағы іске асырылуын анықтау мақсатымен полковник Проценконы Маңғышлаққа жібереді. Оның жасаған қорытындысы, ұсынылған жоба бойынша Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауындағы әскери-саяси жағдайды өзгертудің жүзеге аспағанын көрсетеді. Маңғышлақ приставы бұрынғысынша 4 болысқа бөлінді.

1874 жылы Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлары мен Кавказ наместнигінің өз ара келісімдерінің нәтижесінде Закаспий әскери бөлімі құрылып, ондағы Маңғыстау мен Красноводск приставтары енді біртұтас Кавказ Бас қолбасшысына бағынды.

Закаспий әскери бөлімшесін әскери және әкімшілік басқару, патша бұйрығымен тағайындалып және босатылып отырған бөлім басшысының қолында болды. Әскери басқару жағынан ол бөлім әскерінің қолбасшысы болса, әкімшілік жағынан – губернатор құқығына ие болды. Ол жергілікті халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігіне жауап берді. Сондай-ақ, саудасаттық пен өнеркәсіп түрлеріне де жауап берді. Ол, өзіне бағынышты бөлімшеде үкімет жарлықтары мен заңдарының орындалуын қадағалады. Сондай-ақ ол бөлімшедегі болып жатқан жайттарды Кавказ әскерінің басқолбасшысына жыл сайын баяндауға міндеттелді. Маңғышлақтағы басқару жүйесінің «Уақытша Ережеден» ерекшелігі «болыс басқармасының қызметіне тағайындауға, Басқолбасшы бекіткенше қызметтен уақытша босатуға құқықты болды. Ол тәртіпке бағынбайтындарды 3 ай қамауда ұстап, ісін сотқа өткізуге құқы болды». Закаспий бөлім басшысының басқару орны Красноводск қаласында болды.

1874 жылғы 6 наурыздағы «Уақытша Ереже» бойынша жалпы Ресейлікке жақын төменгі әкімшілік бөлу қалыптасады. Жергілікті орыс халқы әлі де болса көп емес еді. Олар жалпы империялық заңдар және тәртіп негізінде басқарылды. Форт-Александровск және Красноводск бекіністеріне қала пұрсаты берілді. Ал Николаевск станицасының казак халқы азаматтық алды. Красноводскінің байырғы халқы негізінен түрікмендер болды, ал Маңғышлақта - адайлар мен жағалаудағы түрікмендер тұрды.

Маңғышлақ приставы жоғарыда айтқандай 3 қазақ болысынан тұрды: Маңғышлақ, Бозащы, Үстірт және жеке Түрікмендік. 3 жылдан кейін, 1877 жылы табиғи өсімнің нәтижесінде Маңғышлақ – Түпқараған және Маңғышлақ болып бөлінді, ал Бозащы – Бозащы I және Бозащы II.

Қазақтарды бұлайша әкімшілік бірлікке бөлу бірқалыпты болмады. Әрбіреуінде 1100 ден 1600-ге дейін үй болды, ал Бозащы II-де 2000-дай. Әрбір болыстың ауданы табиғи шекарамен бөлінді. Орынбор және Түркістан генерал-губернаторлықтағы сияқты болыстықтарда да полициялық функция жұмыс жасады. Заң бұзушылықтарды әрекетсіз қалдырмады.

Маңғышлақта болыстық басқарушы, ауыл старшындары, сондай-ақ, сот билері 1905 жылға дейін патшаға ыңғайлы және берілген феодал төбел топтарынан тағайындалды.

Әскери сотқа сатқындар, әскерге қарсы шыққандар, үкіметке қарсы шығушылар, почтаға, көпес керуендеріне шабуыл жасағандар, орыс өкілдерімен басқа да халық өкілдерінің өлімі, қарақшылық, тонау, өртеу, жасанды ақша жасаушылар және қазына мүлкін тонаушыларды тартылды. Жалпы патша заңымен қаралғандар «түзем» лауазымындағылардың қызмет бабындағы қылмыстары, сондай-ақ жергілікті орыс халықтары мен

басқа ұлттардың қылмыстық және азаматтық істер. Маңғышлақ приставынан тыс пайда болған істер Астрахань губерниясының тиісті мекемелерінде қаралды. Қалған қылмыстар халық сотында қаралды. Әрбір ауылда үш би сайланды. Оларды Закаспий әскери бөлімінің басшысы бекітті. Ауыл соты жалақы алмады.

Бұл сот 100 рубльден аспайтын істермен дауларды шешті. 100 рубльден жоғары, сондай-ақ ауыл сотында шешілмеген сот істері мен даулар пристав билер сотының съезінде қаралды. Пристав билер съезі жылына екі рет өтеді. Билер съезінің шешіміне риза болмағандар Закаспий бөлімінің басшысы атына арыз жазды. Ол өзінің қалауымен шешім шығарып отырды. Оның компетенциясында 3000 рубльға дейін іс қаралды, ал одан жоғары сомадағы істі шешуге Кавказ әскерінің Бас қолбасшысының құқы болды.

1874 жылғы «Уақытша Ережедегі» алым-салық, табиғи міндеткерліктерді бөлу 1868 жылғы Ережедегі бөлулермен сәйкес келеді: түтін салығы жылына 3 рубль, зем салығы, жол және көпір жөндеу салығы. Маңғышлақ приставының түрікмендері түтін салығына 1 рубль 50 тиын, ал Красноводск приставының көшпенділері салықты орыс үкіметіне төледі.

1874 жылы Закаспий аймағын басқарудың Уақытша ережесі отарлық әкімшілік биліктің барлық звеноларына жаңа функция енгізді. Закаспий әскери бөлімінің басшысы халықты барлық байланыста меңгеріп отырды. Приставтың негізгі функциясына халық арасында пайда болған толқуларды жаншу кірді. Уақытша Ереже Закаспий әскери бөлімінің оңтүстік-шығысқа қарайғы шекарасын айқын белгілемеді. Әскери бөлім самодержавиенің Закаспий аймағына тереңдей енуіне және одан әрі Орта Азияға жол ашуға үлкен септігін тигізді.

Маңғышлақтың Закаспий әскери бөлімшесінің құрамына енуі Қазақстанның бұл ауданының әскери-стратегиялық маңызды екенін көрсетті.

Ресейдің Хиуа хандығын жаулап алуы, 1878 жылы ағылшындардың Ауғанстанға бекінуі, Ресейдің ағылшын иеліктерінен географиялық бөлінуіне әкелді. Алғашқы қадамы Ахалтеке оазисін бағындыруымен жасалды. Бұл ауданды бағындырғаннан кейін Ресей патшалығының алдында Закаспий аймағының аудандық-әкімшілік құрылымын қайта қарау тұрды.

Императордың бұйрығымен 1881 жылы, маусымда Ахалтеке оазисі және Закаспий әскери бөлімінің жерлері, Закаспий облысы болып Кавказ әскери округінің құрамына енді. Облыс басында бастық тұрды. Басқару аппараты Закаспий облысының Ашхабад бекінісінде орналасты.

1881 жылы 20 шілдеде Кавказ әскерінің басшысының құптауымен Закаспий облысының ауданы мен халқын бөлу туралы бұйрық шықты. Облыс Маңғышлақ, Красноводск приставына және Ахалтеке округына бөлінді.

Жаңа бөлулер аудандық-әкімшілік бірлікті нығайтқанымен басқару формасына өзгерістер енгізе алмады. 1882 жылдың 10 маусымында

кабылданған Уақытша Ереже бойынша Закаспий облысы уездерге бөлінді. Облыс 3 уезге бөлінді: Маңғышлақ, Красноводск және Ахалтеке. Облыстың әкімшілік орталығы Асхабад.

XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғында ол солтүстікте Орал облысының Гурьев және Темір уездерімен, солтүстік-шығыста Арал теңізі, Хиуа хандығы және Бұхара әмірлігімен, оңтүстікте және оңтүстік-батыста және шығыста Ауғанстан және Парсымен шекаралас болды, ал батыста Каспий теңізмен шекараласты.

1884-1886 жылдар аралығында Закаспий облысына Мерв, Елатон, Серах, Теджен, Пенде және Артек қосылып территориясы ұлғайды. Жаңа қосылған аймақтың негізінде облыстың аумағы 501.696 км² жетті.

1888 жылы 4 наурызда Закаспий облысында жеке басқару жүйесін құру жөнінде шешім қабылданып заңды түрде 1890 жылдан облыс Кавказ округі басшылығынан бөлініп, жеке әкімшілік аймақ ретінде өмір сүре бастады. Бұл кезде облыс 5 уезден тұрды: Маңғыстау Красноводск, Асхабад, Теджен, Мерв.

1890 жылы 6 ақпанда облысты басқаруға арналған жаңа «Уақытша Ереже» бекітілді. Закаспий облысы Кавказ наместнигіне бағынса, енді тікелей әскери министрлікке, ал жергілікті облыстық Басқарма облыс бастығына қарады. Облыстағы уез шекарасын әскери министр, болыс шекарасын және болыс санын облыс бастығы белгіледі.

1888 жылғы бұрыннан бар 4 болысқа қоса Маңғышлақта тағы 3 болыс қалыптасты: Түрікмен-Адай, Жеменей және Райымберді. Маңғышлақта барлығы 8 болыс болды. Красноводск уезінде 1893 жылы қазақ халқынан құралған 4-ші – Адай болысы құрылды.

Болыстың құрылуы қазақ феодалдарына берілген үлкен жеңілдік болды. Бұрынғы ережелерге қарағанда әскери басқару және әскери-халықтық басқару штаты уезд дәрежесінде құрылды. Әскери министрліктегі барлық шендер форма киді. Жоғарғы шендегілер жеңілдіктерге ие болды, қазына пәтерін немесе пәтер ақшасын алатын болды. Бұл патша өкіметінің билікке толықтай ие болғандығының куәсі болды.

Бұнымен әкімшілік-аудандық бөлу аяқталмады. 1897 жылы 26 желтоқсанда патшаның сенатқа жасаған жарлығында ол әкімшілік бағыну жағынан Түркістан генерал-губернаторлығына қосылды, ал әскери жағынан – Түрікмен әскери округіне қарады. Осыдан кейін төменгі әкімшілік-аудандық звеноларға бөлу процесі жылдамдатылды

1899 жылғы төменгі әкімшілік-аудандандық звеноларға бөлінуі

№	Болыс	Әкімшілік ауылдар мен елді-мекендер.
1	Бозащы I	Ақбота, Бәйбіше, Қаратоқа, Кенже-Мамыр, Қойсары-Жақау, Олжашы-Бокен.
2	Бозащы II	Базар-Токтамыс, Бектемір, Жетімек, Даулет-Али, Ескелді, Кеще, Назар, Тастемір
3	Жеменей	Бегімбет, Жомарт, Үсен, Сұлтангелді, Өтебай-Кокше, Қожағұл-Шолақ.
4	Маңғышлақ	Алиқұл, Жаңай, Қамысбай, Қаржау, Табынай, Тоқсанбай, Өтеғұл-Тоқабай, Шоңай.
5	Райымберді	Али, Атембек Беріш, Жанақ, Жанғазы, Райымберді, Қайыршы (Киырчи)
6	Түрікмен-Адай	Бәли, Жаманадай, Қараша-Бегей, Құнанорыс, Таңат-Шалбар, Тәңірберген, Құдайберген
7	Түрікмен	Абдал, Бозащы, Дали, Үгдір I, Үгдір II, Құрбан, Менгі-Қожа, Үрға, Қожа.
8	Түп-Қараған	Байбоз, Бокқара, Корпе, Медет, Сәнібай-Сарыболат, Сүгірәлі-Жәдігер.
Болыстан тыс аудан		Долгое қонысы, Николаевск елді-мекені

1899 жылы Министрлер Кеңесінің жобасымен 1 шілдеде Жетісу мен Закаспий облысы азаматтық басқару жағынан Түркістан генерал-губернаторлығына берілді. Әскери министрліктің нұсқауымен Түркістан өлкесін басқаруға арналған Жобаны дайындау үшін Ташкентте Ерекше комиссия құрылды.

Комиссия Түркістан өлкесі мен Закаспий облысындағы түземдіктердің шаруашылығының, әдет-ғұрыптарының әр түрлі екенін қарастыра келе, Түркістанды басқаруға арналған «Ереже» Закаспий облысын басқаруға мүлдем келмейтінін мәлімдеді.

Олар Закаспий облысын басқаруда 1890 жылы қабылданған «Ережені» қалдыруды ұсына отырып және бұл Заңның қолдану уақытын 1906 жылы 15 желтоқсанға дейін созу жөнінде шешім қабылдады, кейін министрлер Кеңесі мұны 1908 жылдың 1 қаңтарына дейін тағы да ұзартты.

XX ғасыр басында Сырдария, Самарханд, Ферғана облыстары 1886 жылғы, Закаспий облысы 1890 жылғы қабылданған Ережеге бағынды. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы облыстардың әртүрлі Ережеге бағыну мәселесі бірнеше рет көтеріліп және арнайы комиссия

жұмыс жүргізгенімен де арнайы шешім шығарылмады. Ресейде болып жатқан саяси өзгерістер Түркістан генерал-губернаторлығына жаңа Ережені қабылдауға мүмкіндік бермеді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Маңғыстаудағы приставтық биліктің ерекшелігі неде?
2. Маңғыстау өңірінде патшалық бекіністердің салынуы туралы не білеміз?
3. Маңғыстау өңірін зерттеген орыс экспедицияларыны алдына қойған мақсаттары қандай?
4. Дистанциялық биліктің ерекшелігі неде?
5. Досан мен Иса бастаған көтерілістің шығуына Кіші жүздегі патшалық әкімшілік реформалардың әсері болды ма?
6. Маңғыстау жеріндегі Ново-Александровск бекінісінің атқарған саяси қызметі неде?

IV. Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандырудың және жер мәселесінің зерттелуі (тарихнама)

Ресей империясының отарлау саясатының күшеюіне байланысты қазақ жерлеріне қарашекпенділердің жылдам қарқынмен қоныс аударуы, оның мәні мен мақсаты XIX-ғасырдың соңынан бастап зиялы қауым өкілдерін, зерттеушілер назарын өзіне аударды. Ресейлік буржуазиялық және демократиялық тарихнамасында қоныстанушыларға айтарлықтай көңіл бөлінді. Алайда ол XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ұлыдержавалық шовинизм шеңберінен шыға алмады.

Патша үкіметінің қоныстандыру саясатына, соның салдарынан туындаған жер мәселесі XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының күрделі әрі шешімін табуға ұмтылған даулы мәселесіне айналды. Осыған орай «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының беттерінде түрлі ой-пікірлер мен көзқарастар білдірген еңбектер жарияланды.

Қазақстанның тарих ғылымында кеңестік дәуірде патша үкіметінің қоныстандыру саясатын арнайы зерттеген бірқатар еңбектер жазылып, жарияланды. Әйтседе аталмыш мәселе тарихнамасы маркстік-лениндік методология негізінде қарастырылып, коммунистік идеология қыспағында қалды.

Сондықтан шынайы, кең ауқымды тарихнаманы қалыптастыру мүмкін болмады. Соңғы жылдары қоныс аудару тарихының өзекті мәселелерін және тарихи таным мен методология тұрғысынан саралауда көптеген зерттеулер жарияланды. Олар бұрмаланған оқиғалардың ақиқатын анықтап, тарихи шындықты қалпына келтіруде аса маңызды рол атқарды. Қоныстандыру мен жер мәселесі кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жан-жақты зерттелгенімен қазақстандық тарих ғылымында мәселені тарихнамалық тұрғыдан қарастыратын еңбектер жоқтың қасы. Тек П.Г.Галузоның «Очерк советской историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма» атты еңбегін атауға болады. Онда негізінен патша өкіметі әскери-феодалдық империализм ретінде қарастырылып, шару-келімсектердің жаңа өлке-Қазақстанда феодалдық қанаудың объектісіне айналғандығын көрсетеді. Тарихнамалық зерттеу болғандықтан революцияға дейінгі ресейлік тарихи еңбектер талданып, оларға баға беріледі.

П.Г.Галузо қоныстандыру саясатындағы 2 этапты белгілейді:

1. XIX ғасыр, шаруалар қоныстандырылуының стратегиялық және әскери-саяси мақсаттарда жүргізілуі;
2. XIX ғасыр-Ресейдегі шаруалар бас көтерулерінің өсуімен байланысты.

Ең алдымен бұл мәселеге пікір айтқан 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болған қазақ халқының көрнекті ғалымы Телжан Шонанұлы өзінің 1923 жылы жазылып, 1926 жылы «Қазақ жер мәселесі тарихы» деген атпен Ташкент қаласында жарық көрген еңбегінде тұңғыш рет отарлау, қонысандыру тарихының кезеңдерін ашып көрсетеді. Ғалым өз ой-пікірін

ашық жаза отырып былай дейді: «Қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшашыл үкімет қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді:

1. Орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі;
2. 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі».

Мұнан кейін қоныстандыру саясатының кезеңдері Қазақстандағы тарих ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі С.Ж.Асфендияровтың «Қазақстан тарихында» көрсетілді. Пташа үкіметінің қоныстандыру саясатын жан-жақты зерттей келе, ғалым оны мынадай үш кезеңге бөледі:

1. Әскери отарлау кезеңі;
2. Қара шаруаны отарлау кезеңі;
3. 1905 жылғы революциядан кейінгі переселен саясаты.

Автор өз пікірін мынадай ой-тұжырыммен түйіндейді: «... Ресейде капитализм өркендеген сайын өкімет қоныстану саясатын күшейте бастады. 1891 жылы Еділ өлкесінде болған ашаршылық және терістік Қазақстанның жерін басып өтетін Сібір темір жолының салынуы патша өкіметінің қоныстану саясатын күшейте жүргізуіне үлкен жағдай туғызды». Үшінші кезеңнің 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін басталатынын: «Қазақстанға қоныс аударушылардың келуі, әсіресе 1905 жылғы революциядан кейін күшейді. Патша үкіметі қара шаруаны сыртқа көбірек жіберіп, орталық Ресейдегі жер дағдарысынан құтылмақ болды», - деп, дәлелдейді. Сөйтіп, С.Асфендияров өз ой-пікірін патшалық Ресейдегі ірі саяси-экономикалық проблемалармен тығыз байланыста көрсете отырып, қоныс аудару процесінің анағұрлым күшейген уақыттарына баса назар аударады. Автордың көрсеткен әсіресе екінші, үшінші кезеңдері қоныстандыру саясаты тарихының түбегейлі мәселелерін ашға көмектеседі. Сондай-ақ отандық тарихта Қазақстанға ресейлік шаруаларды қоныстандырудың кезеңдерін анықтап, нақтыландыруға септігін тигізеді.

Кеңес дәуірі кезінде қоныстандыру мәселесі қазақстандық тарихшылар назарында болғаны белгілі. Солардың бірі Ә.Б.Тұрсынбаевтың «Из истории крестьянского переселения в Казахстане» еңбегі. Тарихшы ғалым қоныстандыру саясатының кезеңдерін, мақсатын, сипаты мен себептерін, жүру шартты түрде кезеңдерге бөледі:

1. Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы;
2. Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы;
3. Столыпиндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы.

1990 жылдары Қазақстан тарихының кейбір кезеңдерін мұхият зерттеп, қалыптасқан танымды өзгертіп, қайта қарау заңды құбылысқа айналды. Себебі республиканың егемендік алуына байланысты тарихи оқиғаларды, соның ішінде Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауы мәселелерін жаңа тарихи таным бағытында шынайы, тың деректер негізінде қайта қарап, зерделеу мүмкіндігі туды. Осы бағытта жазылған зерттеулердің бірі Р.М.Таштемханованың «Переселенческая деревня и ее взаимоотношения с казахским аулом во второй половине XIX-начале XX веков (на материалах Семипалатинской области) еңбегінде қоныстандыру саясатына «үкіметтік шаруашылық отарлауы» деп айдар таға отырып, оны үш үлкен кезеңге бөлуге болады деп жазады:

1. 1871-1895 жылдар. Бұл патша үкіметінің қоныстандыруға қайсібір деңгейдегі негативтік қатынастар уақыты;
2. 1895-1905 жылдар. Шаруалар қозғалысының өсуіне және еркін шаруалар қоныстануына байланысты, сондай-ақ патша үкіметінің қоныстануға тиым салу саясатынан оны марапаттау мен ресми қолдау саясатына өтуге мәжбүр болуы;
3. 1906-1917 жылдар – патша үкіметінің 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңілуінен кейін шиеленіскен аграрлық қайшылықтарды қалайда шешуге тырысуымен және шаруаларды еуропалық Ресейден шет аймақтарға жаппай жер аудару, столыпиндік жер реформасын іс жүзіне асырумен сипатталады».

Тек Р.М.Таштемханованың пікірінің ерекшелігі сол, автор кезеңдерді нақты жылдармен шектейді. Осылайша аталған зерттеулердің барлығының да анықталған кезеңдері бір-біріне ұқсас, әрі пікірлері шындыққа жақын. Себебі орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы Ресейдегі 1861 жылғы басыбайлық құқықты жою реформасынан басталып, 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін жаппай саяси-әлеуметтік сипат алды.

Қазақстандық тарихнамада ортақ пікірдің болмауында өзіндік себептер де жоқ емес:

1. Қоныстандыру соңғы уақыттарға дейін патша өкіметінің отарлау саясатының астарында қалып келді. Сондықтан оын кезеңдерге бөлу көбінесе отарлау саясатының кезеңдерімен тығыз байланыста көрсетіледі. Бірқатар тарихшы ғалымдар қоныстандыруды кезеңдерге бөлуді қажет деп санамады. Осыған орай көбінесе тек отарлау кезеңдері ғана ашып көрсетілді;

2. Тарихтың көптеген мәселелерін қайта қарауда қоныстандыруға үлкен мән беріліп, оның барлық қырларын зерттеу барысында өзіне тән кезеңдері ашып көрсетілуде. Тағы бір ескеретін жайт, зерттеушілер қоныстандыруды Қазақстанның әртүрлі аймақтары мысалында зерттегендіктен кезеңдері де түрлі болып көрсетілуде. Себебі орыс шаруаларының Қазақстан территориясына көшіп келу уақытында айырмашылықтар

болғаны белгілі. Мәселен, ең алдымен келімсектер Ақмола облысына, одан кейін Жетісу, Семей, Торғай, Орал, Сырдария жерлеріне жаппай орналаса бастаған.

Жоғарыда аталған ғалым-тарихшылардың қоныстандыру саясатына байланысты еңбектері негізінде Қазақстан тарихындағы патшалық Ресейдің қазақ жерлеріне орыстардың қоныс аударуын 3 кезеңге бөліп, оны төмендегідей көрсетуге болады:

1-кезең. 1861-1890 жылдар-Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастауы;

2-кезең. 1891-1905 жылдар-қоныстандырудың «заңды» түрде жүруі;

3-кезең. 1906-1917 жылдар-қоныстандырудың бұрын-соңды болмаған деңгейде күшеюі.

Қоныстандыру тарихының 1861 жылдан басталатын себебі, шын мәнінде ең алғашқы Ресей шаруаларының Қазақстанға қонысаударуы империядағы 1861 жылғы 19 ақпандағы басыбайлық құқықты жоюға байланысты реформаға орай жүргені белгілі. Қарастырып отырған проблемамен айналысқан П.Г.Галузо, Ә.Тұрсынбаев, М.Қойгелдиев, т.б. Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастағанын көрсетеді. Патша өкіметі өз елінде дворян-помещиктердің мүддесін қорғай отырып, жер мәселесін солардың пайдасына шешуге тырысты. Осыған орай жерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ немесе жері аз шаруалар өз беттерімен қазақ сахарасына көшіп келе бастады. Алғашқыда патша өкіметі мұндай қозғалысқа көңіл аударып, шара қолдануға ұмтылғанымен, шаруалардың Ресейден басқа жерлерге қоныс аударуын іштей құптады. Шаруалардың ішкі Ресейден еркін түрде қоныс аударуы 1891 жылғы «Дала Ережесі» бойынша патша өкіметінің қазақ даласын империяның мемлекеттік меншігі деп жариялағаннан ендігі жерде заңды түрде жүре бастады. Тіпті қоныс аударушылар мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, оларға материалдық көмек көрсетілді. 1896 жылы Ішкі Істер Министірлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы ашылды. Қазақ өлкесі қоныс аударатын бес ауданға: Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу бөлініп, аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды. Осы кезеңде қоныстандыру қарқынды түрде жүрді.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін Ресейде аграрлық мәселені шешу мақсатында елде орын алған жер дағдарысынан шығу үшін патша өкіметі қара шаруаларды шет аймақтарға көбірек жібере бастады. Столыпин жер мәселесін қазақ жерін тонау арқылы шешпек болды. Қоныстандыру аса үлкен пәрменділікпен жүргізіліп, қазақ жерлері ашықтан-ашық тонала бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде қазан төңкерісі қарсаңында қазақ жерлеріне келіп орын тепкен келімсектердің саны 1 млн-нан асып түсті. Олар негізінен түгін тартса майы шығатын, топырағы құнарлы 45 млн. Десятинадан астам жерлерді иемденді.

Ал егер қоныстандыру саясатықазан төңкерісінен кейін де жалғасып, кеңес өкіметі кезінде күшее түскендігін ескерсек, онда оның 4-кезеңін

айтуға болады. Ол-1917-1929 жылдар-кеңестік большевиктік қоныстандыру кезеңі. Осы жылдары қазақ жерлерін одан әрі отарлау қарқыны күшейіп, қоныс аударушылар саны 2,5 млн адамға жетіп жығылды. 1929 жылы Орталық биліктің тікелей қолдауына сүйенген Ф.И.Голощекин республика үкіметі жанынан қоныс аударушылар басқармасын аштырды. «Қызыл большевиктік» қоныстандырушылардың одан кейінгі жылдарда, әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруде одан әрі жалғасқандығын байқаймыз.

Аграрлық қатынастардың өзекті мәселесі ретінде саналатын қоныстандыру тарихнамасын 3 үлкен топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Қазан төңкерісіне дейінгі;
2. Кеңестік дәуірде;
3. Қазақстанның егемендік алуынан кейінгі жазылған зерттеулер.

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда аграрлық қатынастарға байланысты тарихнамада өзіндік патшалық-чиновниктік концепция қалыптасты. Оның мәні: «қазақ халқы «табиғи» номад-көшпелілердің өз беттерінше дамуға қабілеті жоқ, оларға сырттан алдыңғы қатарлы», «европалық» мәдениет әкелу қажет» дегенді білдірді. Ресей чиновниктері осы проблеманы зерттей келе, тек патша өкіметі Қазақстанға «мәдениет әкелді», қазақтардың егіншілікпен айналыса, экстенсивті көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа көше бастауы тек орыс егіншілері, казактар мен қоныс аударған шаруалардың «үлгілі ықпалы» дегенді «дәлелдеуге» тырысты. Міне, осындай көзқарастардың бірі экономист әрі статист А.А.Кауфманға тән. Автор патша өкіметінің қоныстандыру саясатын өз зерттеу объектісіне айналдырды. Түркістан генерал-губернаторлығының тұңғыш губернаторы, патша өкіметінің отарлау, қоныстандыру саясатына байланысты жүргізген іс-шараларының басы-қасында болып, осыған орай «Переселение и колонизация», «материалы по вопросу об организации работ по образованию переселенческих участков в степных областях», «Вопросы переселения» еңбектерін жазады. Автор осы еңбектерінде қоныс аудару саясатының мән-мақсатын, маңызын аша келе қазақ жеріндегі «бос жерлер» (артық жерлер) жөнінде, оған орыс мұжықтарын қоныстандыру мәселесін ашықтан-ашық көрсетеді. Алайда оның басқа зерттеушілерден өзгешелігі сонда, ол қоныстандыруды ішкі Ресейдегі аграрлық шиеленісті шешудің тәсілі деп қарастырмайды. Патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы-ол жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу деп санайды. Бұдан А.А.Кауфман пайымдауының патша үкіметінің мүддесіне сәйкес келетіндігін байқау оңай. Өйткені қарашекпенділердің Ресейдің ішкі губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуы 1861 жылғы реформадан соң шешімі табылмаған жер мәселесінің салдарынан болды. Қазақ жерлерін жаппай тартып алу, қазақтарды шөл, шөлейт аудандарға ығыстыру арқылы «артық жерлерді» шығару-орыс шаруаларына шұрайлы жерлерді алып беру мақсатындағы патша үкіметінің құйтырқы саясатының нәтижесі.

Сонымен бірге «қазақ даласындағы егіншілік, отырықшылыққа өту, қазақтардан жерді тартып алудың арқасында жер тапшылығының тууы нәтижесінде пайда болды. Мұның өзі қазақтарға көшпелі мал шаруашылығымен айналысуа мүмкіндік бермеді» деген тұжырымды қалыптастырушылар, Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынай түрде көрсетіп, патша өкіметінің отарлық саясатын аша білген, демократиялық концепцияны ұстанушы Н.Васильев, Л.Герман, А.Е.Алекторов, В.Герн, Н.Зеланд сияқты авторлар болды (Алекторов А. Очерки внутренней киргизской орды. Зеланд А. Киргизы. Этнографический очерк. Васильев Н. Кочевники Туркестана.).

XX-ғасырдың басында жарық көрген, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жазылған, қоныстандыру шараларын әшкерелейтін еңбектердің бірі ретінде Т.Седельниковтың «Борьба за землю в киргизской степи (Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства)» еңбегін атауға болады. Т.Седельников өз зерттеуінде қоныс аударуды ұйымдастыруда жіберілген қателіктер, патша чиновниктерінің өз еріктерімен жасаған жүгенсіздіктерін атап көрсетеді. «Ол (жерге орналастыру жүйесі) қырғыздардың ең таңдаулы жерлерін тартып алып, ... үйсіз қаңғырап қалған көшпенділерге ешқандай пайда көрсетпей, оларға сәтті жүргізіліп жатқан іске кедергі ретінде қарайды», - деген пайымдауын келтіреді. Ресей империясы қазақ халқының өзіне тәуелді болуын және экономикасы үшін арзан шикізат көзі ретінде мал шаруашылығының үстем түрде дамуын қалады. Аймақта патриархаттық-рулық қатынастардың орнығып, экономикасының төмен деңгейде дамуы патша өкіметінің отарлау саясатының мүддесіне сай келді.

Патша үкіметінің қазақ жерлерін қарашекпенділерге әперуге кірісуі, халықтың шұрайлы, сулы, сулы жерлерінен айырылуы, мұндай зорлықтың күйзеліс пен дағдарысқа әкелгендігі ғасыр басындағы ең негізгі өзекті мәселеге айналды. Саяси, экономикалық мәні бар проблема қазақ зиялылары арасында қозғау салды. Олар аталған мәселе төңірегінде ортақ пікірге келе алмай, екі топқа бөлінді. Бірінші топқа отырықшылықты уағыздаған Б.Қаратаев, М.Сералин, М.Дулатов еңсе, екіншісіне көшпенді өмір салтын жақтаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов т.б. бастаған қазақ зиялылары құрды.

Бірінші топтың мүшелері 1911-1915 жылдары үзбей шығып тұрған «Айқап» журналының төңірегінде шоғырланды. Шаруалар отарлауы, жер мәселесі, журнал бетінде үнемі жарияланып тұрды. Журнал бетінде отырықшылыққа шақыру жайында басылған мақалалармен қатар оған қарсы пікір айтушылардың көзқарастары жарияланды.

М.Дулатов: «... 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да бұл заманның өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді

халықтардың өзінің діні, хақын сақтай алмай дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал», -деп қалыптасқан жағдайдан шығар жол жер алып, отырықшылыққа көшу екендігін жасырмайды.

Ә.Бөкейханов: «Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-ден жер берді деп егінші бола қоймайды... Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-ден жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады... 15-ден жер алмай тұрып жан-жағына қара дейтініміз, 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды», -деп жазады. Жалпы Ә.Бөкейханов қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше «отырықшы нормаға» қарсы шығып, оның салдарының халық үшін мүлде зиянды екендігін көрсетті.

Қазақ зиялылары қоныстандыру саясатының қайғылы нәтижелері тек халықты күйзеліс пен кедейлікке ғана емес, сонымен бірге жерінің тозып, табиғи ортасының бүлінуіне әкелетіндігі туралы мәселені өз туындыларында дер кезінде көтерді.

Қазақ елінің Қазан революциясына дейінгі әлеуметтік тұрмысын зерттеуде Т.Рысқұловтың «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған көлемді мақаласында орыстың қол астына кіргенге дейінгі жылдарда қазақ халқы ақсақалдар бастаған рушылық дәуірде өмір сүріп, ру-ру болып мал бағып, көшіп-қонып, жау жауласа ру болып жаулап, ру болып кек алып, ру болып ас беріп, той қылғандығын, Ұлы, Орта, Кіші жүздерге бөліну сол кездерден бастап айқындала бастағандығын айта келе, руды ақсақалдар, билер, батырлар билеп, біршама уақыт өткеннен кейін мүлік теңсіздігінен бай, жарлы болып, ру басындағылар қолдарына түскен олжаны, малды өз жақындарына, туыстарына бөліп бергендігін, бұдан қазақ «ақсүйек», «қара бұқараға» бөлініп, ақсүйектерден хандар, сұлтан, қожалар пайда болған деген тұжырым жасайды. Ол 100 жыл бойына қазақтар орысқа бірте-бірте бағына бастағандығын, осы кезден ру-рудың арасында талас-тартыс күшейіп, елдің берекесі кете бастаған заманға айналғандығын, 1882-1891 жылдар аралығында бүкіл қазақ даласын, Түркістандағы барлық қазақ даласын бағындырып алғаннан кейін орыс үкіметі темір жол салып, қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандырып, орыстандыру саясатына бел буа кіріскендігін келтіреді.

Т.Рысқұлов 1822 жылғы Сперанский шығарған «Сібір қазақтары туралы жарғы», 1892 жылғы «Дала ережесі мен Түркістан өлкесін билеу ержесінен» кейінгі қазақ жеріндегі өзгерістерді де талдап көрсетеді. Қазақ жерлерін отарлау саясатының күшейген жылдарын ХХ ғасырдың басына жатқыза отырып, «патша үкіметінің билеу тәртібі қазақтың қалың бұқарасын, тұрғын елді үкіметтің әкімдеріне, байларға жем қылып берді» деген тұжырым жасайды.

Т.Рысқұлов патша саясатына қарсы шыққан қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістеріне де өзіндік баға беруге тырысты. Мысалы, 1837-1847 жылдар аралығында болған Кенесары көтерілісін «қазақ халқының орыстың қол астынан құтылу мақсатымен болған көтерілістердің ең

соңғысы» деп, бұдан кейін аса ірі көтерілістер болмады деген қорытындыға келеді. Автор Кенасары көтерілісінің басты себебі орыс үкіметінің қысымшылығы, тәуір жерлерді тартып алуы деген тұжырым жасай отырып, бұл көтерілістің жеңілуінің де негізгі себептерін ашып көрсетеді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы мәселелері орыс зиялы зерттеулерінде қалай бағаланған?
2. Қонысаудару және Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайына әсері қандай?
3. Қазақ зиялыларының Патшалық Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты мен оның зардаптарн зерттеуі.
4. Кеңестік тарихнамадағы шаруаларды Қазақстанға қоныстандыру мәселесінің зерттелу деңгейі қандай?

Студенттердің өзіндік жұмыс тақырыптары

1. Қазақстанның Ресей отарына айналуы жөніндегі көзқарастарды талдау.
2. Әбілхайыр хан қабылдаған бодандық туралы пікірлер.
3. Қазақ жеріндегі әскери бекітістер салыну бағыттары.
4. Патшалық Ресейдің Қазақ жерін орталауда алдына қойған мақсаттары.
5. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ халқының азаттық қозғалыстары.
6. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғы»: реформаны дайындау және енгізуі, мақсаты.
7. 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы».
8. 1867-68 жылдардағы патшалық реформалардың мақсаты мен жүзеге асырылуы.
9. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы реформалардың қазақ қоғамының дамуына тигізген әсері: зиянды салдары мен жағымды тұстары.
10. XIX ғасырдағы аграрлық реформалауға байланысты жер мәселесі.
11. Орал, Торғай, Маңғыстау облыстарындағы көтерілістердің шығу себептері.
12. Семей, Омбы, Өскемен бекіністерінің салынуы.
13. I - Петрдің Ресей үшін Қазақстанның маңыздылығы туралы не білеміз?
14. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің маңызы.
15. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы.
16. Патшалық реформалар негізіндегі сот мәселесі.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

ИГЕЛЬСТРОМ ОСИП АНДРЕЕВИЧ (1737-1818 жж)- барон, кейінірек граф, Орынбор әскери губернаторы (1796-1799 жж). Польшада әскери қызметте болып бірінші орыс-түрік соғыстарына қатысқан. 1784-1790 жылдары Симбир-ск және Уфа әкімшілігінің генерал-губернаторы, ал 1790 жылы Финляндиядаға қарсы соғысқан орыс армиясына қызметке алынып, Верельск шартын (1790 ж) түзуге қатысқан.

1792 жылы Псков, 1793 жылы Киев және Черниговтың уәкіл-әкімі болып тағайындалады. 1794 жылы Польшадағы орыс армиясының бас қолбасшысы қызметіне жіберіледі. Бірақ Польшадағы көтерілісті баса алмағаны себепті сол жылы бұл қызметін тастауға мәжбүр болады. 1799 жылдан бастап мемлекеттік дәрежеде қызмет атқарудан мүлде босатылады.

Орынбор губернаторы болып тұрған кезінде патша үкіметінің қазақ дала-сындағы үстемдігін нығайту мақсатымен жаңа әскери бекіністер салдырды, шекаралық гарнизондарды күшейтті. Игельстромның осы бағытта жүргізген шараларының ішіндегі ең ірісі-Кіші жүзде хан мен сұлтандардың өкімет билігін жойып, расправалар құру ниеті еді. Ол расправалардың қызметін патша әкімшілігінің тікелей бақылауына алуды көздеді. Игельстром қазақ шонжарларының балалары үшін мектеп ашып, оны бітірушілердің жәрдемімен патша үкіметінің Қазақстандағы ықпалын күшейтуді де көкседі. Әткенмен Игельстромның бұл шаралары ешбір нәтижесіз аяқталды.

(ҚСЭ. А., 1974., 4 т. 635-6.)

СПЕРАНСКИЙ МИХАИЛ МИХАЙЛОВИЧ (1.1.1772ж. Владимир губ., Черкутино с., - 11.2.1839 ж. Петербург)- орыс мемлекет қайраткері, граф, 1791 жылы Петербург діни академиясын бітірді. 1803-1807 жылдары Ішкі істер министірлігі департаментінің директоры, 1807 жылдан бастап Александр І-дің статс-секретары, 1808 жылдан заң құрастыру комиссиясына мүше, заң министірінің серігі. Мемлекетті қайта құру жоспары (1809 ж) бойынша М.М.Сперанский революцияны болғызбау үшін самодержавиеге конституциялық монархия түрін енгізуді ұсынды. М.Сперанскийдің ішкі және сыртқы саясаттағы көзқарастары помещиктердің наразылығын туғызды.

1812 жылы М.Сперанский Новгородка жер аударылып, кейін Пермге жіберілді. 1816 жылы М.Сперанский Пензаның азаматтық губернаторы, 1819 жылы Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалды. 1821 жылы Петербургке қайтарылып, Мемлекеттік Советтің және Сібір комитетінің мүшесі болды. М.Сперанскийдің басқаруымен 45 томдық Россия империясы заңдарының толық жинағы (1830 ж) шықты. 1835-1837 жылдары патшаның болашақ мұрагеріне

Александр II-ге заң ғылымынан лекция оқыды. 1838 жылдан Мемлекеттік советтің заң депортаментінің председателі болды.

(ҚСЭ. А., 1977. 10 т. 386-б.)

ЖАРҒЫ- дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы. Ежелгі түрік тіліндегі «иар» («жар») сөзінен шыққан. Мағынасы-әмір, әмір беру, билік айту. «Кодекс Куманикусте» бұл сөз – жар түрінде жазылған, мәні-шешім, берілген әмір. Қазақ хандығын билеген Тәуке хан заманында ұлы билер Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би т.б. қатысуымен ел ішіндегі құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы- «Жеті жарғы» құрастырылды. Жарғы, негізінен, хан тарапынан бекітілген шешім болғандықтан, ол бүкіл хандық аумағында орындалуға тиіс болды. «Жарғы» термині қазіргі кезде «Устав» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр.

Жарғы Ресей империясының қазақ даласын әкімшілік тұрғыдан басқаруға арналған құқықтық ережелерінің жалпылама атауы. Мысалы, «Сібір қазақтары туралы жарғы» (1822 ж) Орта жүзде хандық билікті жойып, әкімшілік басқару жүйесін ресей үкіметінің басқаруына тікелей көшірді.

(Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. А., 2001. 3 т. 578-б.)

ОРЫС ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАУЛАП АЛЫНУЫ

Себептері

Орыстардың қазақ даласына әскери шапқыншылығы XIX ғасырда басталды. Кейбір авторлар Ресейдің осы бағытта ілгерілеп, ақыр аяғында Қазақстанды жаулап алуын бұл мемлекеттің сан ғасырлар бойы жүргізіп келген экспансиялық саясатының жалғасы деп есептейді. Әдебиетте бұл оқиғаны пешенесіне жазылған миссиясын орындау үшін Тынық мұхит бағытында жүргізілген американдық шапқыншылығымен салыстыру да кездеседі. Алайда Ресейдің Қазақ даласын жаулап алуының әлдеқайда маңызды материалдық және ілгері себептері болды. Олардың ішінде, әсіресе, Оңтүстік Сібірдегі орыс қоныстанушыларын қорғау қажеттілігін атау керек. Қазақ даласының солтүстік жиегімен шекаралас Сібір жеріне орыстар 1860 жылға қарай жаппай қоныстана бастады, бірақ олар қазақтардың қарақшылық шапқыншылығына ұшырады. Оған қоса Орта Азия мен Қытайды Ресеймен жалғастыратын сауда жолдары Қазақ даласы арқылы өтті. Қысқасын айтқанда, орыс қоныстанушыларының қорғансыздығы мен сауда жолдарының маңыздылығы Қазақ даласына үстемдік орнатудың шешуші факторлары қатарына жатты.


Қорғаныс мәселесін айтпағанның өзінде де, Түркістанның, әсіресе Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтарының байлығы орыс жаулаушылығының негізгі қозғаушы күштерінің бірі болды. XIX ғасырдың бас кезіндегі отырықшы өзбектердің мақтасы, жеміс-жидегі мен жібегі өзінің сапалылығымен Ресейге таныс еді, ал енді осы қыруар байлықтан Ресейді қазақтардың ұлан байтақ даласы бөліп жатты. Егер Ресей Қазақ даласына үстемдік орнатар болса, Орта Азияның егіншілікті аудандарын бақылауға алу әлдеқайда жеңіл жолмен жүзеге асырылған болар еді.

Қазақ даласына орыс мүдделілігінің арта түсуі жер мәселесіне де тікелей байланысты еді. Қазақ малшылары орыс мұжықтарының қоныстанып, егіншілікпен айналасуына өте тиімді даланың құнарлы солтүстік аумағында көшіп-қонып жүрді. Бұл өңір орыс шаруалары қоныстанып, игеріп үлгерген Батыс Сібір жеріне ұқсас еді. XIX ғасырдың аяғына қарай Еропалық Ресейдегі ауыл шаруашылық дағдарысы Қазақстанның солтүстігіндегі жерлердің маңыздылығын арттыра түсті.

XIX ғасырдың орта кезінен басталған Ресейдегі индустрияландыру процесі революция қарсаңында оны дүние жүзіндегі өнеркәсібі дамыған елдер қатарына қосты. Ресей өнеркәсібінің алға қарай дами түсуі үшін тауарларын өткізетін жерлер мен шикізат көздері қажет болды. Қазақ даласы мен орта Азия хандықтары манфактуралық тауарлар өткізуге және бұл жерлерден Ресей экономикасын мақта, тері, жүн сияқты иаңызды шикізат түрлерімен қамтамасыз етіп тұруға ыңғайлы еді. Бұл елдердің экономикалық потенциалы осымен ғана шектелмеді, бірақ оны Ресей мүддесіне орай пайдалану мен дамыту тек қана орыс үстемдігін орнату арқылы жүзеге асырылатыны анық.

Ресейдің Қазақстан мен Орта Азия жеріне әскери ілгерілеуінің маңызды саяси себебі де бар. XIX ғасырдың орта шенінде Орта Азияның оңтүстік шекарасында ағылшын ықпалының өрістеуі орыс үкіметін тығырыққа тіреді. Индия мен Ауғанстан Британияның ықпал аймағына айналды, бұл жағдай Орта Азияға қауіп төндірді. Ресейді мазасыздандырған болашақта Британияның Орта Азия хандықтарында үстемдікке ие болуы ғана емес, сонымен қатар мұнда орналасатын ағылшын әскерлерінің орыс жерлеріне де көз тігу мүмкіндігі еді. Орта Азия Ресейге халықаралық аренада күштер ара салмағын сақтау үшін де маңызды болды. Өлкедегі орыс әскерлері Британияның Индия мен Ауғанстанға ықпалына нақтылы қауіп төндіретін еді және бұл факторды болашақ халықаралық келісімдер барысында пайдалануға болар еді. Мысалы: «Шығыс мәселесі» деген атпен белгілі халықаралық сөз сайыстарында Ресей Жерорта теңізіне шығу үшін Түрік бұғаздарына бақылау орнатуға әрекеттенді. Бірнеше жылдар бойы Британия Ресей империясының осы қадамдарына шектеу жасап келді. Дегенмен Ресей Оңтүстік Азиядағы Британия ықпалына нақтылы әскери қауіп төндіретін отырып, бұғаздар мәселесі жөніндегі келісімді сақтауда маңызды рөлге ие бола алатын еді.

Шындығында да Ресейдің Сібірдің оңтүстігіне қарайғы жерлерді жаулап алуының көптеген себептері болды және жоғарыда айтылған әр фактордың патша үкіметін шешіміне өзіндік ықпал болғаны анық.



Қазақ даласына ене түсу

Орыстардың қазақ даласына әскери шапқыншылығы баяу жүрді, оны екі сатыға бөлуге болады. Бірінші кезең ХҮІІ ғасырда басталған қорғаныс және сауда шараларымен сипатталады. Екінші кезең әскери шабуылдар нәтижесінде Қазақ даласына толық үстемдік орнатумен, яғни 1830 жылы басталып, 1865 жылы өзбек қаласы Ташкентті жаулап алумен аяқталады.


ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда Орал мен Сібірді жаулап алғаннан кейін орыстардың Қазақ даласына қарай бағыт алуының алғашқы әрекеттері жасалды. Қоныстанушыларды жергілікті тұрғындардың тонаушылық шапқыншылықтарынан қорғау мақсатында Қазақ даласының солтүстік шекаралары бойына казак бекіністері салына бастады.

Алайда ХҮІІІ ғасырға дейін Қазақ-Сібір шекараларында екі орыс қалашығы ғана болды: олардың бірі-солтүстік Каспий жағалауындағы Гурьев, екіншісі-Орал өзенінің жағасындағы казактар қоныстанған мекен еді. Шекара бойындағы бұл қалалардың екеуі де Қытай мен Орта Азиядан келетін сауда жолдарында орналасқан сауда орталықтары болды.

Жергілікті тұрғындар тарапынан шабуылдың жалғаса түсуі орыс үкіметін далалық өңірдің солтүстігінде жаңа бекіністер салуға итермеледі: 1716 жылы Омбының, 1735 жылы Орскінің, 1737 жылы Орынбордың және 1752 жылы Петропавлдың іргелері қаланды (II- 8 карта). 1730-1760 жылдар аралығында казактардың үш бекініс шебі салынды. Доға тәріздес бұл шептер Каспий теңізінің солтүстігінен Қазақстанның солтүстік шекаралары арқылы Омбыға дейін, одан әрі қарай оңтүстікте Жетісу облысындағы Верныйға дейін созылып жатты.

Шептер бойындағы басты-басты қалалар арасында почта жолдары болды. Жолдардың екі жағалауындағы жерлер ұзына бойына қоныс тепкен казактар иелігіне өтті. Сиректеу қоныстанған бөліктерде казак гарнизондары орналасқан бекіністер салынды. Қазақ даласына қарай казактардың жылжуының басты мақсаты шекаралас аудандарды қорғау болғанымен, ол алғашқы батыс адамдарының бұл жерлерге келіп қоныстануына жол ашты. Кейінгі кезеңде казактың әскерлері Орта Азияны жаулап алуға араласты, олардың қоныстары жорық кезінде орыс армияларын азық-түлікпен жабдықтады. (II- 9 карта)

Орыстардың Қазақ жеріне ене бастауының алғашқы кезеңінде Ресей мен Қазақ ордалары арасындағы қарым-қатынасында маңызды өзгерістер орын алды. ХҮІІІ ғасырда Қытай үкіметі қазақтарды өз қол астына қарату үшін Қазақ даласына әскери шабуыл ұйымдастыруға әрекеттенді. Осыған байланысты Кіші Орда ханы Ресейдің қорғауын сұрады, сонымен 1731 жылы өзінің патшаға берілгендігі туралы ант берді.



1740 жылы Орта жүз де орыс бодандығын қабылдады, бірақ 1837 жылы көптеген тайпалар орыс үстемдігіне қарсы көтеріліске шықты. Орта жүз ханының 1846 жылы қаза болуына дейін Ресей өз үстемдігін қалпына келтіре алмады. 1846 жылғы орыстардың әскери жеңісіне дейін Ұлы жүз өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Қазақ ордалары нашар ұйымдасқанымен орыстарға оларды бағындыру оңайға түспеді.


Әскери шапқыншылықтар нәтижесінде өлкені жаулап алумен аяқталған екінші кезең XIX ғасырдың бірінші жартысында басталды. Қазақ даласының шығысында 1841 және 1847 жылдары Сергиополь және Қапал бекіністері салынды. Батыста Ново-Александровск (1834 ж), Торғай мен Ырғыз (1845 ж) және Арал (1848 ж) бекіністерінің іргесі қаланды. Бұл бекіністер жорық кезінде орыс әскерлерін азық-түлікпен қамтамасыз етті және жергілікті тұрғындарды бақылауда ұстауға мүмкіндік берді. Қазақ даласының ішінде бекіністі қоныстардың салынуы өлкені шағын, басқаруға ыңғайлы құрылымдарға бөліп тастады.

Бекіністі қоныстар орыстардың Қазақ даласына ілгерілеуі батыстан және шығыстан жылжыған айыр тісті екі аждаһаның қимылына ұқсады. Бұл әскери қимылдар 1850 жылдарға дейін, яғни орыс әскерлерінің Орынбордан Аралға жетіп, одан әрі Сырдария алқабындағы Қоқан бекінісі-Ақ-мешітті (кейін Перовск) жаулап алуына дейін созылды.

Солтүстік-шығыста олар Семейден аттанды. 1854 жылы Іле өзенінің оңтүстік жағалауы жаулап алынды, Верный бекінісінің іргесі қаланды, өлкеде бақылау жүргізу үшін Сібір әскерлері құрамаларынан казактар әкелініп қоныстандырылды.

Қазақ даласы сонымен толықтай қоршауға алынды, бірақ оны пәрменді оны бақылауға алу 1865 жылы Бұхар хандығының тірегі Ташкенттің құлауынан кейін ғана мүмкін болды. Орыс үстемдігіне наразы жергілікті тұрғындарға қарсы жазалау әрекеттері 1895 жылға дейін созылып, түрікмен тайпаларын талқандаумен аяқталды.

1865-1896 жылдар аралығында орыс үкіметі қазақтарға өз үстемдігін күшейтті және өлкеде басқаруға ыңғайлы саяси бірлестіктер ұйымдастырылды. Әкімшілік функцияларды іске асыру үшін жаңа қалалар тұрғызылды және дергілікті тұрғындардың ісімен араласатын сот жүйесі құрылды. Қазақстанда Ресейдің толық үстемдік жүргізуі бұл өлкені орыс шаруашылық отарлауына есігін айқара ашудың алғы шарттары болды.



Джордж Демко
 Орыстардың Қазақстанды отарлауы.
 Алматы., Ғылым, 1997. 29-33 беттер.

Қазақ жерінің зерттеу экспедициясының құрылуы

Төл тарихымыздың беттерінен қасақана алынып тасталған, қазірде жете танылмаған, өз кезінде қамал бұзған ірі тұлғалар аз болмаған. Солардың ішінде қоғам халық мүддесі үшін жанын пида еткен Ерлер есімі кейінгі ұрпақтарға өмірлік өнеге.

Мыңдаған жылдық тарихы бар қазақтар жүздеген жылдар бойы патшалық империя өз құрамына күшпен бағындырған халықтардың бәрін де орыстандыруға әрекеттенді. Патшалық отаршылдардың Англия, Франция отаршыларынан айырмашылығы мынада: орыс патшалары өзімен іргелес отырған елдерді асықпай, құрбақаны жұтқан жыландай арбап, біртіндеп барып жаулап алды.

Орыс – қазақ әскерлері қарумен жаулап, басып алған жерлеріне алдымен қамал – бекініс, қала мен станциялар тұрғызып, орыс – қазақты көшіріп әкеліп, сонда қондырып, жергілікті байырғы тұрғындары құнарлы да, шұрайлы, нулы да сулы жерлерден аластап болған соң ғана ілгері жылжып отырды. Айталық, Жайық қаласының іргесі 1635 – 1758 жылдары қаланса Аякөз бен Қапал бекіністері ХІХ ғасырдың 40 –шы жылдары салынды.

Шұрайлы жерінен айырлған қазақтың шаруашылығы ХІХ ғасырдың аяғында күрт құлдырап кетті. Қазақ жеріне жаудай тиген патша отаршылары өздерінің қылмыстық әрекетін бүркемелеу үшін “көшпелі шаруашылық зиянды, олар табиғаттың жауы” деген “тұжырым” жасап қазақтарға отаршылыққа көшудің пайдалы екендігін жан – жақты уағыздай бастады. Бұл сұрқия саясатты қашан да құлқынның құлы, патша өкіметінің сойылын соққан қазақтың шен – шекпен кигендері, шенеуніктер тобы жандай – шаптар қолдап қана қойған жоқ сонымен бірге халық арасына кеңінен үгіт жүргізді. Осы кезде халық арасынан шыққан зиялылар да екі ұдай пікірде болды. Бірінші топ мәдениеті гүлденген, өркениетті ел болу үшін отырықшылыққа көшуіміз шарт деген ой түйді. Екінші топ: жоғары мәртебелі ұлықтардың бұл “қамқорлығы” бізге жаны ашығандықтан емес, алдап – арбап әдіс – тәсілмен мойынға құрық салу үшін жасап отырған айла – шарғысы деген тұжырым айтты. Әрі бұлар ұлтарақтай болса да өз жеріме иелік ететін боламын деген алдамшы ойдан безу керек деп, көрегендік байқатты. Осы екінші топ пікірін қуаттап, ғылыми байламмен дәлелдеп, әлеуметке ұғындырып айналасына ұлт қамын ту ғып көтерген күрескерге бағыт – бағдар сілтеуге ұйтқы балғандар Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы тағы басқалары болды...

Әлеуметтік - экономикалық және саяси мәні бар бұл мәселеге терең ұлттық маңыз бере қараған Әлихан Нұрмұхаммедұлын ерекше атаған жөн. Өзінің туған халқының болашағы үшін Әлекеннің ұстаған бағыты дұрыс екендігін – уақыттың өзі – ақ дәлелдеп берді. Қазақтың жер шаруашылығын зерттеу мақсатымен патшалық империя құрған экспедиция құрамына Әлихан Нұрмұхаммедұлының кіруі оның өз ойындағысын жүзеге

асыруға азды – көпті жол ашты. 1896 жылы құрылған бұл экспедицияға басшылық еткен статистик – ғалым, халықшыл Ф.А. Щербина болды. Қазақ жерінен шыққан экспедиция мүшелерінің қатарында ғылымдар, өзіндік көзқарасы бар чиновниктер: Л.К. Чермак, И.Ф. Гусев, И.Д.Трипольский, Н.Ф.Дмитриев, В.А.Владимирский тағы басқалары болды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы болса, өз алдына жеке тобқа басшылық жасады. Өйткені, ол көшпелі байырғы халықтың әдет – ғұрпы мен жер шаруашылығын өте жақсы білетін. Экспедиция жұмысына Әлиханнан басқа да қазақтар қатысқанын айту қажет. Олар – Д.Сатыбалдыұлы, Е.Итібайұлы, М.Шомбалұлы тағы басқалары. Экспедицияның алдына қойылған міндеті біреу еді. Ол – қазақ жеріне қоныс аударушы орыс шаруаларына “артық жер” көлемі – бөліктерін анықтап кесіп беру. Оны жүзеге асыру үшін экспедиция мынадай мәселерді зерттеп, шешіп алуы қажет еді. Біріншіден, көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс – тәсілдерінің заңдылықтары мен жете танысу. Екіншіден, Қазақтарды ауылдық қауымға бөліп, оларды шаруашылық жүйе бойынша бөлу. Үшіншіден, сол жеке шаруашылықтарда төрт түлік малдан қаншасын бағып-қағуға болатынын есептеп шығару. Төртіншіден, әр түліктің жайылымдық жер нормасын анықтау. Бесіншіден этникалық, жағырапиялық ерекшелігін тарихи дамуы тұрғысынан зерттеу. Бұл жұмыс күрделі де, жауапты міндет еді.

Ф.А.Щербина басқарған экспедиция 1896 жылдан 1901 жылға дейінгі уақыт аралығында жұмыс жүргізіп, жалпы саны он екі уезді қамтыды. Атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша – 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбегін баспадан бастырып шығарды.

Экспедиция жұмысы барысында Әлихан Нұрмұхаммедұлы өзін жаңа қырынан таныта білді. Оның қазақ қоғамында жүріп жатқан әр алуан өзгерістерді жетік білетіндігі айқындала түсті. Көшпелі шаруашылықтың талай ғасырдан бері жинақталған тәжірибелерінің құпия сырлары ғылымизерделеп, жіліктеп, талдай келіп Әлихан: “Қазақтың көшпелі шаруашылығы бұрынғы табиғи, дәстүрі қалпынан өзгеріп, қазір егіншілік пен мал шаруашылығын қатар меңгерген аралас шаруашылыққа айналды. Жылдың 8 – 10 айын отырықшылықпен өткізетін жаңа құрылымға көшті”, - деген тың пікірге келді. Бұл сол тұстағы аса көрегендік тұжырым еді. Өйткені, бұл тұжырымның көшпелі тұрмыстың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан шаруашылық түрінен әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан қарағанда өміршең әрі өркендеу кезеңін сипаттаған ғылыми мәні зор болатын. Сонымен бірге қазақтың ауылдақ – қауым болып жүйелену қисынын ғылыми талдаудан өткізіп шықты. Яғни, шаруашылықтың соны сапалық деңгейге көтерілгенін анықтайды. Ауыл шаруашылығының қазақи ұғымдарын тұңғыш рет ғылыми түсінікке енгізіп, “Қыстау”, “жайлау”, “күзеу”, “шаңырақ меншігі”, “қой бөлік”, “ата бөлік” тағы басқа қазақша төл ұғымдарымызды экономикалық категорияларға жіктеді.

Айталық, қыстаудағы шаңырақтың және ондағы адамдардың санына қарай қоғамдық еңбек бөлінісі (қар аршу, пішен дайындау, тағы басқа) ортақ болатыны: жайылымның өзі бір атаның немесе бірнеше атаның иелігі болатынын атап көрсетті. Сол қауымдасудың өзі іші экономикалық байланыс әлеуметтік – рухани бірліктің негізгі тұтқасы екенін дәлелдеп берді. Тарихшы, этнограф, экономист ғылымдарымыз қазақ халқының өткен ғасырдағы қоғамдық өмірін зерттеуде күні бүгінге дейін Әлихан Нұрмұхаммедұлының осы жүйелеріне сүйеніп келеді.

Әрі экспедиция мүшелерінің жұмысы аса нәтижелі болды. Есепті де халық тұрмысына лайық дәлдікпен жүргізді. Мәселен, кіші отаудың күн көрісі үшін 18 – 24 ірі қара мал ұстауға, әр мал басына 5 - 8 десятинаға дейін жер мөлшерін пайдалануға толық құқысы барлығын есептеп шықты. Осынша жұмысты ғылыми тұрғыдан негіздеп, өзіндік тұжырым жасау Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейханға оңайға түскен жоқ. Бірақ, туған халқы үшін ол көз майын тауса ізденуден жалықпады. Шындығында, бұл ерлік еді.

Империялық отарлық езгінің ауыр теперішіне түскен туған халқының мұң - мұқтажын қорғап ашкөз патша әкімшілігінің зұлымдық іс - әрекетіне қарсы шыққан Әлихан сынды зиялы да білімді, әрі білікті азаматқа айтар алғыс, әрине мол. Ол Петербургта оқып жүргенде-ақ, орыстың зиялы өкілдерімен таныс біліс болып араласа бастайды. Жасырын саяси ұйымдармен тығыз байланыс жасап, тәжірибе жинақтайды. Әлихан Бөкейханның қоғам қайраткері болып қалыптасуының басты екі рухани негізін ашып айту орынды. Біріншіден, ол еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған айрықша әлеуметтік ортада өскен. Екіншіден, туған халқының ертеден қалыптасқан бай ауыз әдебиетінің, ақын, ойшыл Абайдың және басқа ақын жазушылардың терең мазмұны, ойлы шығармаларының ықпалы мол болды. Әлихан 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың шығармашылығымен кеңінен таныстыруды көздеген материал жазып жариялауы да, бір ерлік еді. Араға екі жыл салып, 1909 жылы ұлы ойшыл Абайдың шығармаларының Петербургте тұңғыш жинағының жарық көруіне тікелей араласып, ат салысқан.

Халықтың рухани бай мұрасына ерекше ден қойған өмірдің соңына дейін Қобыланды, Ер Сайын, Қозы Көрпеш-Баян сұлу және басқада көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен болды. Оларды зерттеп жүріп әрі мүмкіндігінше насихаттауға күш салуы кездейсоқ құбылыс деп қарауға болмайды. Оған озық ойлы батыс елдері халықтарының мәдениеті ықпал еткені де рас. Сондай-ақ, XVIII-XIX ғасырлардағы ержүрек батырлар – Сырым, Исатай, Махамбет, Саржан және Кенесары, Наурызбай бастаған жалпы ұлттық көтерілістер туралы жадындағы сақталған әңгіме, аңыздардың айтарлықтай ерекше әсері болғандығын аңғару қиын емес. Өкініші сол, біз тәуелсіздік алғанға дейін қазақ ұлт – азаттық қозғалысы қайраткерлерінің өмір жолымен олар қалдырған шығармашылық мұралармен жете таныса алмай келдік. Әлихан Бөкейхан сияқты асыл азаматтың барша пиғылы, ойы, ісі, тіршілік-тынысы өзінің туған халқының

болашағына ғана бағынышталғанын ертеңгі ұрпақ санасына сіңіру керек-ақ.

Осындай елім деп еңіреніп, халқының қамын жеген азаматтар туралы аты әлемге әйгілі халық батыры Бауыржан Момышұлы: “Туған ұясынан, өскен ортасының тағылымдарынан адамның бойына бала жасынан сіңген асыл қасиеттері болмақ. Бүкіл ішкі қуаттың күші, қуаты, міне осында. Осы ішкі дайындық сын сағаттарда, қиын – қыстау кезеңдерде адамды найзағайша жарық еткізіп көрсетеді”, - деген пәлсапасымен ойымызды түйіндегеніміз келеді.

Қайсар Құсайынұлы
Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде.
Алматы., Дәнекер, 2001 ж., 86-91 бб.

Қазақ жерін басқару ережелері

Ереженің атауы	1822 жылғы «Сібір қырғыздарының жарғысы»			1824 жылғы «Орынбор қырғыздарының жарғысы»		1867-1868 жылдардағы реформа
Басқарушысы	Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский			Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссен		Ішкі істер министрлігі кеңесінің мүшесі Гирс .
Мақсаттары	Солтүстік-шығыс өңірдегі әкімшілік, сот, саяси басқаруды өзгерту. Рулық-феодалдық тәртіптерді әлсірету. Орта жүздегі хандық билікті жою.			Кіші жүзде хандық билікті жою.		Қазақ өлкесін басқару ісін өзгерту Еуропалық басқару мен сот жүйесік енгізу.
Сатылары	Үш сатылы басқару					Бес сатылы басқару (ауыл, болыс, уез, облыс, генерал-губернаторлық)
Өзгерістері	1. Округ	Аға сұлтан (үш жылға сайланады)	15-20 болыс	1. Бөліктер Батыс, Орта, Шығыс	Сұлтан-правитель-дер	1. Түркістан генерал-губерна-торлығы (орталығы - Ташкент) 2. Батыс Сібір генерал-

	2. Болыс	Болыс сұлтаны (мұрагерлікпен берілді)	10-12 ауыл	2. Дистанция (54)	Рушонжарлары	губернаторлығы (орталығы - Орынбор)
	3. Ауыл	Ауыл старшыны (үш жылға сайланады)	50-70 шаңы -рақ	3. Ауыл	Ауыл старшыны	3. Орынбор генерал-губерна-торлығы (орталығы - Орынбор) 1872 жылдан Бөкей Ордасы Астрахань генерал-губернаторлығына, 1870 жылдан Манғыстау жасауылдығы Кавказ әскери округіне, кейін Закаспий облысына бағындырылды
Нәтижесі	<ul style="list-style-type: none"> • Рулық қақтығыстарға соққы берілді. • Өлкені шаруашылық жағынан игеруге қолайлы алғы-шарт жасалды. • Отарлық саясаттың кенейе түсуіне жол ашылды. 			Бөкей Ордасында хандық билік 1845 жылға дейін сақталды. Отарлық басқару нығайтылды. Табиғат байлықтарын кеңінен игеруге мүмкіндік туды.		Қазақ жері Ресей үкіметінің меншігі деп жарияланды. Орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру басталды.

XIX ғасыр соңындағы отаршылдық реформалар

Уақыты	Ереже атауы	Жеңілдіктер мен мазмұны	Нәтижесі
1868 жыл	«Жетісуда шаруаларды қоныстандыру»	<ul style="list-style-type: none"> • Жан басына 30 десятина жер берілді. • 15 жылға салық төлеуден босатылды. • Әскери міндеткерліктен босатылды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қоныс аудару қазақтардың жерлерін тартып алу есебінен жүргізілді. • Ақмола облысында 251779 десятина жер тартып алынды.
1883 жыл	«Шығыс Түркістаннан Жетісуға қоныс аударған ұйғырлар мен дүңгендерді	<ul style="list-style-type: none"> • Жан басына 10 десятина жер беру (1885 жылдан 4-5 десятина жер берілді, дүңгендерге 3 десятина) • 3 жылға салық төлеуден 	<ul style="list-style-type: none"> • Қоныс аударудың басты аймағы-Жетісу. • Сырдария облысында түгелге жуық жер

	орналастыру»	және әскери міндеткерлік-тен босатылды	қоныстандырылды.
1889 жыл 13 шілде	«Село тұрғындары мен мешандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы және бұрынғы қоныс аударғандар жағдайын қарастыру»	<ul style="list-style-type: none"> • Жан басына 15 десятина жер беру • Қоныстанушылардың арнайы рұқсат алуы • Қоныс аударатын басты аймақтар-Жетісу, Ақмола, Семей, Тобыл, Том губерниялары • Бұл ереже 1891-1892 жылдары Торғай мен Орал облыстарына тарады 	<ul style="list-style-type: none"> • Шымкент, Ташкент, Әулиеата уездерінде 37 қоныс құрылды (1884-1892 жж) • Қазақстанға қоныс аударғандар саны-328 мың (1871-1897 жж)
1886 жыл 2 маусым	«Түркістан өлкесін басқару және жер, салық өзгерістерін енгізу»	<ul style="list-style-type: none"> • Ресейлік үлгідегі жаңа соттар құрылды • Төменгі сот буыны-халықтық сот 	• Халықтық сот- империялық сотқа қосалқы, өз бетінше мәселені шеше алмайтын тәуелді буын
1891 25 наурыз	«Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару»	<ul style="list-style-type: none"> • Түркістан өлкесі, орталығы-Ташкент. облыстары: Сырдария, Ферғана, Самарқанд • Дала өлкесі, орталығы - Омбы. Облыстары: Ақмола, Семей, Жетісу. • Ірі облыстық орталықтарда (Верный, Орал, Петропавл, Семей) полиция басқармасы құрылды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақ өлкесінің жер байлығы мемлекеттік меншік болып жарияланды. • Жайылымдық жерді пайдалану дәстүрін ережелермен шектеді. • Уездік қалаларда полициялық пристав құрылды.

Тест тапсырмалары

1. Қазақстанның Ресейге қосыла бастауы:

- A) 1711 ж.;
- B) 1721 ж.;
- C) 1731 ж.;
- D) 1741 ж.;
- E) 1751 ж.

2. Орынбор экспедициясы қашан құрылды?

- A) 1738 ж.;
- B) 1771 ж.;
- C) 1730 ж.;
- D) 1734 ж.;
- E) 1742 ж.

3. Қай жылы Әбілхайыр хан мен Кіші жүз сұлтандары Ресей империясына ант берді:

- A) 1730 ж.;
- B) 1731 ж.;
- C) 1740 ж.;
- D) 1748 ж.;
- E) 1856 ж.

4. Жоңғар хандығы қай жылы талқандалды:

- A) XVIII ғ. 40-жылдары;
- B) XVIII ғ. 20-жылдары;
- C) XVIII ғ. 30-жылдары;
- D) XVIII ғ. 50-жылдары;
- E) XVIII ғ. 60-жылдары.

5. Ресей қазақ даласында өзінің әскери-саяси ықпалын қалай жүргізді ?

- A) Қалалар мен бекініс шептерін салу;
- B) Тауар айналымын күшейту;
- C) Өзінің шенеуніктік аппаратын орнату;
- D) Қазақ аристократия өкідерін паралау;
- E) Билер мен батырларды паралау;

6. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан Ресей бодандығын қай жылы қабылдады:

- A) 1731 ж.;
- B) 1740 ж.;
- C) 1741 ж.;
- D) 1846 ж.;
- E) 1757 ж.;

7. Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін оның батыс, солтүстік және шығыс шекараларына бекіністер салына бастауының себебі:

- A) Қазақ даласындағы Ресейдің әскери-саяси ықпалын кеңейту үшін;
- B) Қазақстанды сыртқы жаулардан қорғау үшін;
- C) Сауда-экономикалық байланыстарды бекіту үшін;
- D) Мәдени ықпалды тарату үшін;
- E) Қала және ауыл шаруашылық мәдениетін дамыту үшін.

8. XVIII ғ. I жарт. Қазақстанның Ресей үшін маңызы қандай болды?

- A) Ресейді Қазақстанның табиғи байлықтары қызықтырды;
- B) Азияға кірер «қақпа мен кілт» ретінде;
- C) Қазақстанның арзан жұмыс күші қызықтырды;
- D) Қазақстанның көмегімен Жоңғар хандығын жоюды көздеді;
- E) Қазақстанмен тең құқылы әскери одақ құру тиімді деп саналды.

9. «Шаңды жорық» (Қалмақтардың көшуі) қай жылы болды?

- A) 1725 ж.;
- B) 1654 ж.;
- C) 1771 ж.;
- D) 1789 ж.;
- E) 1752 ж.

10. «Шаңды жорық» кімдердің көшуімен байланысты:

- A) Ғұндардың батысқа көшуі;
- B) Еділ қалмақтарының Жоңғар жеріне көшуі;
- C) Ноғайлардың Қара теңіз территориясына көшуі;
- D) Монғолдардың Жетісуға көшуі;
- E) Ұйғырлардың Жетісуға көшуі.

11. Қазақстан территориясында Семей бекінісі қай жылы салынды:

- A) 1716 ж.;
- B) 1717 ж.;
- C) 1718 ж.;
- D) 1719 ж.;
- E) 1720 ж.

12. XVIII ғ. алғашқы жартысында жоңғар билеушілерінің стратегиялық мақсаты не болды:

- A) қазақ жасақтарын жою;
- B) Қазақстан кең байтақ жерін өз биліктеріне көшіру;
- C) Қазақстанмен достық қатынастар орнату;
- D) Қазақстан және Ресейге қарсы бір мезетте әскери іс-әрекеттер жүргізу;
- E) Қазақстанмен тұрақты экономикалық байланыс орнату.

13. 1750-1770 жж. Кіші жүзде Ресейдің отарлау саясаты неден көрінді:

- A) Сібір казак әскерін құрудан;
- B) Жайық маңында мал жаюға тыйым салудан;
- C) Ертіс маңында мал жаюға тыйым салудан;
- D) Ертіс бойына әскери бекіністер салудан;
- E) Жетісуда әскери бекініс салудан.

14. Қазақтың қай ханы орыс бодандығын сақтай отырып, қытай бодандығын қабылдайды және соған қарамастан тәуелсіз болып қалады:

- A) Әбілхайыр;
- B) Әбілмамбет;
- C) Жолбарыс;
- D) Сәмеке;
- E) Абылай;

15. Абылай хан тұсында Қазақстанда шаруашылықтың қай түрі интенсивті дамыды ?

- A) Мал шаруашылығы;
- B) Егіншілік;
- C) Құс шаруашылығы;
- D) Өнеркәсіп;
- E) Сауда.

16. Тірі кезінде-ақ қасиетті деп саналып, халық есінде қазақ жерлерінің бірлігі мен тұтастығының бейнесі ретінде қалған қазақ ханы кім ?

- A) Тәуке;
- B) Әбілхайыр;
- C) Абылай;
- D) Қасым;
- E) Хакназар.

17. О.А.Игельстром реформасын қай жүздің территориясында жүргізу жоспарланды:

- A) Ұлы жүз;
- B) Орта жүз;
- C) Кіші жүз;
- D) Барлық жүздер территориясында;
- E) Ешбір жүздің.

18. Қай жылдан бастап Қазақстан территориясына О.А.Игельстром реформасының негізгі ережелері енгізіле бастады:

- A) 1782 ж.;
- B) 1784 ж.;
- C) 1786 ж.;
- D) 1788 ж.;

Е) 1740 ж.;

19. Хан немесе сұлтан пайдасына мал түрінде салық төлеу қалай аталды:

- А) тағар;
- В) қалаң;
- С) көшір;
- Д) зекет;
- Е) хажар.

20. Қай жылы К. Қасымов қазақтың ұлы ханы болып сайланды:

- А) 1836 ж.;
- В) 1841 ж.;
- С) 1846 ж.;
- Д) 1847 ж.;
- Е) Қазақстан тарихында мұндай жағдай болған жоқ.

21. Кіші жүздегі С. Датұлы бастаған көтерілістің хронологиялық шеңбері:

- А) 1777-1780 жж.;
- В) 1783-1797 жж.;
- С) 1787-1800 жж.;
- Д) 1836-1838 жж.;
- Е) 1837-1847 жж.;

22. И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтеріліс қай жыдары болды

- А) 1826-1827 жж.;
- В) 1836-1838 жж.;
- С) 1843-1845 жж.;
- Д) 1846-1847 жж.;
- Е) 1783-1797 жж.

23. XIX ғ. I жартысындағы қай көтеріліс бүкіл үш жүзді қамтыды:

- А) С.Датұлы бастаған көтеріліс;
- В) Исатай-Маханбет бастаған көтеріліс;
- С) К.Қасымұлы бастаған көтеріліс;
- Д) Е.Көтібарұлы бастаған көтеріліс;
- Е) Ж.Нұрмұхамедов бастаған көтеріліс.

24. К.Қасымұлы бастаған көтеріліс қашан болды?

- А) 1837-1847 жж.;
- В) 1840-1842 жж.;
- С) 1847-1857 жж.;
- Д) 1850-1852 жж.;
- Е) 1867-1868 жж.

25. Қай көтерілістің нәтижесінде қазақтарға Еділ мен Жайық арасына көшіп-қону құқығы қайтарылды?

- A) К.Қасымов бастаған көтеріліс;
- B) Исатай-Маханбет көтерілісі;
- C) С. Датұлы бастаған көтеріліс;
- D) Ж.Нұрмұхамедов бастаған көтеріліс;
- E) Иса-Досан көтерілісі.

26. Қай жылы Кенесары Қасымов қырғыздар жеріне басып кірді?

- A) 1847 ж.;
- B) 1846 ж.;
- C) 1840 ж.;
- D) 1839 ж.;
- E) 1850 ж.

27. Кенесарының қандай іс-қимылдары көтерілістің сипатын өзгертті?

- A) Қоқанд ханымен қақтығысы ;
- B) Жетісуге көшіп кетуі ;
- C) Сауда байланыстарына зиян келтірілуі ;
- D) Қырғыз жерлеріне көшіп кетуі ;
- E) Жаппас руы шаруаларының баскөтеруін басуы.

28. Көтеріліс барысында Кенесары Қасымұлы қай жерде толық талқандалды?

- A) Жетісуда;
- B) Токмақ маңында;
- C) Ыстықкөл жағасында;
- D) Бішкек маңындағы Майтөбе деген жерде;
- E) Іле өзені шатқалында.

29. Маңғыстаудағы Иса-Досан бастаған көтеріліс қай жылы болды?

- A) 1870 ж.;
- B) 1869 ж.;
- C) 1844 ж.;
- D) 1837 ж.;
- E) 1868 ж.

30. 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісін кімдер басқарды?

- A) Беркін Оспанұлы мен Сейіл Түркебайұлы;
- B) Досан Тәжұлы мен Иса Тіленбайұлы;
- C) Есет Көтібарұлы;
- D) Ханғали Арсланұлы мен Мұңайтпасұлы;
- E) Амангелді Иманұлы мен Әліби Жанкелдин.

31. Орта жүздегі хандық билік қандай заң актісімен жойылды?

- A) Игельстром реформасы;
- B) «Сібір қырғыздары туралы устав»;
- C) «Орынбор қырғыздары туралы устав»;
- D) «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже»;
- E) «Дала өлкесін басқару туралы ереже».

32. Кіші жүздегі хандық билікті жойған заң:

- A) 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы устав»;
- B) 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы устав»;
- C) 1867 ж. «Уақытша ереже»;
- D) 1891 ж. «Ереже»;
- E) Кіші жүздегі хандық билік 1917 ж. қазан төңкерісіне дейін сақталды.

33. 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы» уставтың авторы кім?

- A) М.Сперанский;
- B) О.Игельстром;
- C) И.Неплюев;
- D) П.Эссен;
- E) М.Столыпин.

34. 1822 жылғы «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша ең төменгі әкімшілік бірлік ауыл болды. Ауыл қанша шаңырақтан тұрды?

- A) 30-40;
- B) 15-25;
- C) 10-20;
- D) 50-70;
- E) 80-100.

35. 1822 жылғы «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша болыс қанша ауылдан тұрды?

- A) 5-7 ауылдан;
- B) 14-16 ауылдан;
- C) 10-12 ауылдан;
- D) 18-20 ауылдан;
- E) 15-18 ауылдан.

36. 1822 жылы Қазақстанда алғашқы жәрмеңке қай жерде ашылды?

- A) Жетісуда;
- B) Арал маңында;
- C) Батыс Қазақстанда;
- D) Ертіс маңында;
- E) Семейде.

37. XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың Ресеймен саудасындағы негізгі товарды көрсетіңіз :

- A) Мал ;
- B) Тері ;
- C) Киіз ;
- D) Жүн ;
- E) Үй тұрмысы заттары.

38. Қазақ даласы арқылы өтетін керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ресей үкіметі 1803 жылы мамырда неге рұқсат етті:

- A) Баж салығынсыз сауда жасауға ;
- B) Көпестердің қарулы отрядтар ұстауына рұқсат етті ;
- C) Спирттік ішімдіктерді сатуға рұқсат етті ;
- D) Қымбат бағалы металдарды тасып әкелуге шек қойылды ;
- E) Айналым жолдарына рұқсат етілді .

39. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша «Сібір қырғыздарының облысына» қай генерал-губернаторлықтың жерлері қарады?

- A) Батыс-Сібір ;
- B) Орынбор ;
- C) Түркістан ;
- D) Дала ;
- E) Омбы.

40. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша қай қызмет мұраға қалдырылды?

- A) Генерал-губернатор;
- B) Ауыл старшыны;
- C) Әскери губернатор;
- D) Болыс сұлтаны;
- E) Батыр.

41. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша кім билік сатысында 10 жылдан кейін дворян атағына ие бола алды?

- A) Ауыл старшыны;
- B) Болыс сұлтаны;
- C) Аға сұлтан;
- D) Би;
- E) Батыр.

42. 1822 жылғы «жарғы» бойынша Қазақ даласында қандай тауарды сатуға тыйым салынды?

- A) Тұзды;
- B) Астықты;
- C) Шарапты;

- D) Алтынды;
- E) Мақта маталарын.

43. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша ауыл старшындары қандай мерзімге сайланды?

- A) Бір жылға;
- B) Екі жылға;
- C) Үш жылға;
- D) Төрт жылға;
- E) Өмірлік етіп.

44. 1822 жылғы «жарғы» бойынша Қазақстанның сот жүйесінде қандай өзгерістер болды?

- A) Тәртіп күшейтілді;
- B) Салықтар көбейтілді;
- C) Әлеуметтік жіктеліс күшейді;
- D) Ру ақсүйектерінің саяси ықпалы кеміді;
- E) Қазақ сот жүйесі Ресейдің сот жүйесімен сәйкестендірілді.

45. 1824 жылғы «Жарғы» бойынша Кіші жүздегі жоғарғы қызметкерлерді кім тағайындады?

- A) Орынбор генерал-губернаторы;
- B) Орынбор шекаралық комиссиясы;
- C) Басқарушы сұлтандар;
- D) Ресей императоры;
- E) Азиялық комитет.

46. Бөкей Ордасы қай жерде құрылды?

- A) Каспий маңында;
- B) Әмудария мен Сырдария арасында;
- C) Еділ мен Жайық арасында;
- D) Жетісуда;
- E) Торғай даласында.

47. Кіші жүздің соңғы ханы?

- A) Ералы;
- B) Есім;
- C) Арынғазы;
- D) Шерғазы;
- E) Айшуақ.

48. Қай жылы патша үкіметі Бөкей ханды Орта жүздің екінші ханы етіп тағайындады?

- A) 1810 ж.;

- B) 1815 ж.;
- C) 1825 ж.;
- D) 1840 ж.;
- E) 1800 ж.

49. Патшалық Ресейдің саясатына қарсы қазақ даласындағы оппозицияны Кіші жүз сұлтандарынан кім басқарды?

- A) Қаратай сұлтан;
- B) Кенесары сұлтан;
- C) Шерғазы сұлтан;
- D) Жантөре сұлтан;
- E) Айшуақ сұлтан.

50. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы қандай оқиғалармен сәйкес келді?

- A) Жоңғарияның құлауы;
- B) Орыс әскерлерінің Орта Азия хандықтарына шабуылы;
- C) Е.Пугачев көтерілісі;
- D) Жоңғар шапқыншылығы;
- E) Қырым хандығының құлауы.

51. 1867-1868 жж. реформаға сәйкес Қазақстан облыстарын кім басқарды?

- A) Билер;
- B) Старшындар;
- C) Губернаторлар;
- D) Сұлтандар;
- E) Халық сайлаған тұрғындар өкілі

52. XIX ғ. Қазақстан территориясы қай реформа бойынша Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді?

- A) 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы устав»;
- B) 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы устав»;
- C) 1867-1868 жж. «Басқару туралы уақытша ереже...»;
- D) 1886-1891 жж. «Басқару туралы ереже... »;
- E) Игельстром реформасы.

53. 1867 – 1868 жж. реформалар бойынша салық төлеуден кімдер босатылды?

- A) Билер;
- B) Байлар;
- C) Батырлар;
- D) Дін қызметкерлері;
- E) Шыңғыс ханның ұрпақтары.

54. Ішкі Ордада хан билігі қай жылға дейін сақталынды?

- A) 1801 жылға;

- B) 1822 жылға;
- C) 1845 жылға;
- D) 1867 жылға;
- E) 1868 жылға.

55. 1847 жылға қарай Ресей билігі Қазақстанның қай жерлеріне таралмады?

- A) Қазақстанның оңтүстігіне;
- B) Тарбағатай жотасына;
- C) Қашқарияға;
- D) Маңғыстауға;
- E) Балқаш маңына.

56. Іле өлкесінде орыс әскерлерінің алға жылжуы және бекінуі үшін Сырдария мен Сібір әскери шептерін біріктіру идеясын кім ұсынды?

- A) Перемышльский;
- B) Карбышев;
- C) Перовский;
- D) Колпаковский;
- E) Гасфорт.

57. Қай жылы орыс әскерлері Қазақ хандығының бұрынғы астанасы Түркістан қаласын басып алды?

- A) 1862 ж.;
- B) 1863 ж.;
- C) 1864 ж.;
- D) 1865 ж.;
- E) 1866 ж.

58. Бұхар әмірі жерлері қай жылы Ресей империясының құрамына кірді?

- A) 1864 ж.;
- B) 1865 ж.;
- C) 1866 ж.;
- D) 1867 ж.;
- E) 1868 ж.

59. Бұрын Қоқандқа тәуелді болған қазақ жерлері 1867 жылы қай генерал-губернаторлық құрамына қарады?

- A) Дала;
- B) Түркістан;
- C) Орынбор;
- D) Батыс-Сібір;
- E) Омбы басқармасына.

60. 1873 жылы Хиуаның орыс әскерлерінен жеңілуі нені білдірді:

- A) Қазақтардың Хиуа ханының қол астынан толық босатылуын ;
- B) Бұл аумақтарда Хиуа езгісінің әлсіреуін ;
- C) Қазақ руларының бір бөлігінің Коканд хандығының қол астына өтуін ;
- D) Қазақ руларының бір бөлігінің Бұхар әмірінің қол астына өтуін ;
- E) Қазақтардың Сырдарияның жоғарғы ағысына көшіп кетуін.

61. Қазақстанның Ресей қол астына кіруі қанша уақытқа созылды?

- A) Бір ғасырға;
- B) Бір жарым ғасырға;
- C) Екі ғасырға;
- D) Екі жарым ғасырға;
- E) Үш ғасырға.

62. Қай жылы Ресей үкіметі Қазақ даласын басқару жөніндегі Ереже жобасын дайындау үшін Дала комиссиясын құрды?

- A) 1870 ж.;
- B) 1865 ж.;
- C) 1874 ж.;
- D) 1886 ж.;
- E) 1890 ж.

63. Орыс патшасы Александр II Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ереженің жобасына қашан қол қойды?

- A) 1867 жылы 11 шілдеде;
- B) 1867 жылы 15 шілдеде;
- C) 1888 жылы 14 тамызда;
- D) 1886 жылы 14 тамызда;
- E) 1867 жылы 18 қыркүйекте.

64. Орыс патшасы Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереженің жобасына қашан қол қойды?

- A) 1867 жылы 22 қыркүйекте;
- B) 1864 жылы 28 қазанда;
- C) 1865 жылы 18 қазанда;
- D) 1868 жылы 21 қазанда;
- E) 1867 жылы 14 шілдеде.

65. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша Қазақ даласының әкімшілік құрылымының негізгі принципі қандай болды?

- A) Қазақстанда халықтық өзін-өзі басқаруға негізделген әкімшілік жүйені енгізу ;
- B) Әлеуметтік-экономикалық жаңалықтар енгізу ;
- C) Әскери және азаматтық биліктердің бөлінбеуі ;
- D) Көшпелілердің патриархалдық-феодалдық өмір сүру негіздерін әлсірету;

Е) Қазақтардың материалдық тұрмысы мен әл-ауқатын көтеру.

66. 1867-1868 жылдардағы реформа нәтижесінде бұрынғы Бөкей хандығының аумағы қайда енгізілді?

- А) Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына;
- В) Орынбор генерал-губернаторлығына;
- С) Астрахань губерниясына;
- Д) Каспий сырты облысына;
- Е) Түркістан генерал-губернаторлығына.

67. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша Түркістан генерал-губернаторлығына қандай облыстар қарады?

- А) Сырдария және Жетісу;
- В) Орал және Торғай;
- С) Ақмола және Семей;
- Д) Өскемен және Семей;
- Е) Ферғана және Ташкент.

68. 1886 жылғы «Ереже» бойынша Қазақстан сот жүйесінің ең төменгі звеносын атаңыз:

- А) Билер соты;
- В) Имамдар соты;
- С) «Халық соты»;
- Д) Қазылар соты;
- Е) Империялық сот.

69. 1886-1891 жылдардағы Ережелерге сәйкес Қазақстан құрылымында қандай өзгерістер болды:

- А) Кіші жүзде хандық билік жойылды;
- В) Орта жүзде хандық билік жойылды;
- С) Түркістан, Орынбор, Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтары құрылды;
- Д) Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтары құрылды;
- Е) Жүздердегі хандық билік қалпына келтірілді.

70. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Дала генерал-губернаторлығының үш облысының басқармасы орналасқан қаланы атаңыз?

- А) Торғай;
- В) Ақмола;
- С) Семей;
- Д) Омбы;
- Е) Орынбор.

71. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы капиталистік қатынастар неден көрінді?

- А) Ауылдағы әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі;

- В) Шаруашылық өндірісінің нарыққа бағытталуы;
- С) Ауыл буржуазиясының пайда болуы;
- Д) Ауыл пролетариатының пайда болуы;
- Е) Барлық факторлар жиынтығы.

72. Орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы қай кезде басталды?

- А) 1731 ж. кейін;
- В) Хандық билікті жойғаннан кейін;
- С) 1867 – 1868 ж.ж. реформалардан кейін;
- Д) 1890 ж. кейін;
- Е) Столыпиннің кезінде.

73. 1881 ж. Петербург келісімінің Қазақстанға қандай қатысы болды?

- А) Қытайдың Қазақстанға әскери жорықтары тоқтатылды;
- В) Қазақстан арқылы Ресей мен Қытайдың арасындағы сауданың дамуына мүмкіндік пайда болды;
- С) Ресей Қазақстанның жартысын Қытайға беруге келісім берді;
- Д) Қазақстанға қытайлықтардың еркін өтуіне рұқсат берілді;
- Е) Ресей мен Қытай Қазақстан аумағында ағылшындарға қарсы біріккен әскерін ұстауға келісім жасады.

74. Ұйғырлар мен дүнгендерді Жетісуға қоныс аударуға мәжбүр еткен жағдайлар:

- А) Олар патша үкіметінің арнайы шақыртуы бойынша келіп қоныстанды;
- В) Жоңғарлардың тықсыруы;
- С) Қырғыздардың тықсыруы;
- Д) Қоқан билеушілерінің тықсыруынан қашты;
- Е) Олар Цин империясының тарапынан болған тықсырулардың салдарынан қоныстанды.

75. XX ғ. басындағы Қазақстандағы қоныс аудару қоры немен айналысты:

- А) Салық жинаумен;
- В) Царизмнің реформасын жүзеге асырумен;
- С) Қазақтардан жер тартып алумен;
- Д) Зерттеушілік жұмыспен;
- Е) Царизмнің салық саясатын жүзеге асырумен.

76. XX ғ. басында қай өндіріс объектісі қолдануға берілді:

- А) Орынбор-Ташкент темір жолы;
- В) Успен кен орыны;
- С) Спасск мыс кен орыны;
- Д) Риддер полиметалл комбинаты;
- Е) Қарағанды көмір алабы.

77. 1881 жылғы Петербург шарты Іле өлкесі тұрғындары үшін нені көздеді?

- A) Баж салығынсыз сауда жасауды;
- B) Кедергісіз қозғалуды;
- C) Кез келген товарды алып жүруді;
- D) Қытай немесе Ресей бодандығын таңдауды;
- E) Сауданың күшейтілуін.

78. 1868 жылғы «Жетісуге шаруа қоныс аударушылары туралы Уақытша ережені» кім жасады?

- A) Кириллов;
- B) Сперанский;
- C) Эссен;
- D) Колпаковский;
- E) Столыпин.

79. 1897 жылғы жүргізілген Қазақстан халық санағы бойынша ірі қалалар қатарына жатқызылған қалаларды көрсетіңіз:

- A) Ырғыз және Торғай;
- B) Атбасар және Көкпекті;
- C) Қарқаралы және Зайсан;
- D) Перовск және Көкшетау;
- E) Орал және Верный.

80. XIX ғ. I-жарт. Қазақстанда орыс-қазақ мектептерін ашу не мақсатпен жүргізілді:

- A) байырғы тұрғындардың арасынан әскери кадрлар дайындау үшін;
- B) ғылыми кадрлар дайындау үшін;
- C) байырғы тұрғындар арасынан дипломаттар дайындау үшін;
- D) байырғы тұрғындар арасынан отаршылдық әкімшілік үшін кадрлар дайындау үшін;
- E) бұл мектептерге байырғы тұрғындар қабылданбады.

81. Қай жерде бірінші қазақ мұғалімдер мектебі ашылды:

- A) 1881 ж. Орынборда;
- B) 1883 ж. Орскіде;
- C) 1885 ж. Семейде;
- D) 1872 ж. Омбыда;
- E) 1882 ж. Әулие-Атада.

82. Қазақ даласында жергілікті халық арасынан аудармашылар мен тілмаштар даярлайтын Азиялық мектеп қай жылы ашылды?

- A) 1789 ж.;
- B) 1841 ж.;
- C) 1847 ж.;

- D) 1867 ж.;
- E) 1858 ж.

83. «Сібір қазақтарының жарғысын» дайындаған Сібір генерал-губернатор

- A. Чичерин;
- В. Эссен;
- С. Рейнсдорф;
- D. Сперанский;
- E. Смирнов.

84. «Сібір қазақтарының жарғысын» жасауға қатысқан болашақ желтоқсаншы:

- A. Муравьев;
- В. Жемчужников;
- С. Батеньков;
- D. Вольховский;
- E. Янушкевич.

85. Ереже бойынша Сібір қазақтарының облысы қай генерал-губернаторлықтың құрамына енді?

- A. Түркістан;
- В. Батыс Сібір;
- С. Орынбор;
- D. Сырдария;
- E. Торғай.

86. Реформа бойынша Орта жүздің территориялық әкімшілігі қай қала болды?

- A. Орынбор;
- В. Түркістан;
- С. Томск;
- D. Омбы;
- E. Тобольск.

87. «Ереже» бойынша Орта жүз әкімшілік жағынан неше буынға бөлінді?

- A. 3;
- В. 4;
- С. 5;
- D. 6;
- E. 7.

88. «Сібір қазақтары туралы Ереже» бойынша болысқа неше ауыл кірді?

- A. 10-12;
- В. 12-14;
- С. 14-16;

- D. 16-18;
- E. 18-20.

89. «Сібір қазақтары туралы Ереже» бойынша әкімшіліктің ең төменгі бірлігі ауыл болып саналды. Ауыл неше шаңырақтан тұрды?

- A. 20-40;
- B. 30-50;
- C. 40-60;
- D. 50-70;
- E. 60-80.

90. Округ неше болыстан тұрды?

- A. 10-15;
- B. 15-20;
- C. 20-25;
- D. 25-30;
- E. 30-35.

91. Батыс Сібір генерал-губернаторлығына кірген облыстардың ішіндегі артығын көрсетіңіз:

- A. Тобольск;
- B. Томск;
- C. Омбы;
- D. Сібір қазақтарының облысы;
- E. Торғай.

92. Округті билеу кімнің қолына көшті?

- A. сұлтан;
- B. аға сұлтан;
- C. би;
- D. ақсақал;
- E. көсем.

93. Аға сұлтан неше жылға сайланды?

- A. 2;
- B. 3;
- C. 4;
- D. 5;
- E. 6.

94. Аға сұлтандарды кімдер сайлады?

- A. сұлтандар;
- B. билер;
- C. ақсақалдар;
- D. жоғарыдан тағайындалды;

Е. халық сайлады.

95. Аға сұлтандарға қандай ресейлік әскери шен берілді?

- А. есаул;
- В. хорунжий;
- С. майор;
- Д. подпоручик;
- Е. генерал.

96. Ереже бойынша ақсүйектерге 10 жылғы еңбегінен кейін қандай атақ берілді?

- А. статс-секретарь;
- В. помещик;
- С. дворян;
- Д. майор;
- Е. генерал.

97. «Сібір қазақтарының жарғысы» бойынша 12 класқа жататын чиновниктік шенді кімге берді?

- А. сұлтанға;
- В. аға сұлтанға;
- С. болыстық сұлтанға;
- Д. ауылнайға;
- Е. ешкімге.

98. Жарғы бойынша ауыл старшындары неше жылда сайланып отырды?

- А. 2;
- В. 3;
- С. 4;
- Д. 5;
- Е. 6.

99. Билердің шешімдерін қайта қарауға кімдердің құқығы болды?

- А. аға сұлтанның;
- В. округтік приказдың;
- С. ауыл старшының;
- Д. болыстық сұлтанның;
- Е. ақсүйектер тобының.

100. Болыстық сұлтандардың сайлау мерзімі:

- А. өмірлік;
- В. 3 жыл;
- С. 5 жыл;
- Д. 4 жыл;
- Е. 2 жыл.

101. Болыстық билік қандай жолмен берілді?

- A. сайлау;
- B. мұрагерлік;
- C. тағайындау;
- D. кезегімен әр рудан;
- E. ақсақалдар кеңесінің шешімімен.

102. 1822 ж. реформаға қарсы күресті кім басқарды?

- A. Арынғазы Әбілғазыұлы;
- B. Байсақал Тілекұлы;
- C. Қаратай сұлтан;
- D. Досалы сұлтан;
- E. Зәбір молда.

103. «Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі жарғы» бойынша, басында Кіші жүз жеріне неше хан тағайындау жоспарланған?

- A. 3;
- B. 2;
- C. 1;
- D. 4;
- E. 5.

104. Кіші жүздің соңғы ханы

- A. Арынғазы;
- B. Шерғазы;
- C. Қаратай;
- D. Уәли;
- E. Бөкей.

105. «Орынбор қырғыздары туралы Ереже» бойынша Кіші жүздегі лауазымды қызметтерді кім тағайындады?

- A. Орынбор генерал-губернаторы;
- B. аға сұлтан;
- C. болыстық сұлтан;
- D. ақсақалдар кеңесі;
- E. орыс патшасы.

106. 1824 ж. Кіші жүздегі патшаның реформасына қарсылықты басқарған

- A. Арынғазы Әбілғазыұлы;
- B. Байсақал Тілекұлы;
- C. Қаратай сұлтан;
- D. Досалы сұлтан;
- E. Зәбір молда.

107. Қазақстанға Ресейден шаруаларды жаппай қоныс аудару қашан басталды?

- A. 1822 ж. реформадан кейін;
- B. 1824 ж. реформадан кейін;
- C. 1867-1868 жж. реформадан кейін;
- D. 1836-1838 жж. шаруалар көтерілісінен кейін;
- E. 1837-1847 жж. шаруалар көтерілісінен кейін.

108. 1868 жылғы «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы» уақытша ережені бекіткен Жетісу генерал-губернаторы:

- A. Бутков;
- B. Гутковский;
- C. Колпаковский;
- D. Крыжановский;
- E. Безак.

109. 1883 жылға дейін күшін сақтаған «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы» ережелерге сәйкес жан басына қанша десятина мөлшерде жер берілді?

- A. 10 десятина;
- B. 20 десятина;
- C. 30 десятина;
- D. 40 десятина;
- E. 50 десятина.

110. Верныйға Ресейдің қай облысынан орыс шаруалары көбірек қоныстанды?

- A. Саратов;
- B. Симбирск;
- C. Новосибирск;
- D. Астрахань;
- E. Воронеж.

111. Жетісу облысында жаңадан келушілерді, сондай-ақ Шығыс Түркістаннан қоныс тепкен ұйғырлар мен дүнгендерді орналастыру туралы жаңа ереже нешінші жылы қабылданды?

- A. 1884;
- B. 1886;
- C. 1883;
- D. 1889;
- E. 1893.

112. Жетісуда қоныстанушы шаруалар салықтар мен міндеткерліктерден неше жылға босатылды?

- A. 2;

- B. 3;
- C. 4;
- D. 5;
- E. 6.

113. Село тұрғындары мен мешандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы және олардан бұрын қоныс аударғандар жағдайын қарастыру туралы ереже қашан қабылданды?

- A. 1883 ж. 13 шілде;
- B. 1889 ж. 13 шілде;
- C. 1885 ж. 13 шілде;
- D. 1887 ж. 13 шілде;
- E. 1886 ж. 13 шілде.

114. Облыстар мен губернияларды бұрын қоныстанған шаруалардың жан басына нешінші жылғы шешім бойынша 15 десятинадан жер берілді?

- A. 1884;
- B. 1886;
- C. 1883;
- D. 1889;
- E. 1893.

115. 1885 жылдан 1893 жылға дейінгі аралықта Ақмола облысы қазақтарының пайдалануынан қанша десятина жер тартып алынды?

- A. 250 779;
- B. 251 779;
- C. 252 779;
- D. 253 779;
- E. 261 779.

116. Ақмола облысында 10 940 орыс шаңырағы жайғасқан неше село ұйымдастырылды?

- A. 20;
- B. 29;
- C. 22;
- D. 24;
- E. 26.

117. Қоныс аударушылардың басты легі қаптаған аймақ:

- A. Тобыл губерниясы;
- B. Ақмола облысы;
- C. Жетісу өлкесі;
- D. Семей облысы;
- E. Том губерниясы.

118. 1868-1880 жылдар аралығында Жетісу өңірінде 3324 отбасының 2099-ы жаңа қоныстанушы болды. Солардың ішінде қалаларда орын тепкен шаңырақтар саны:

- A. 1220;
- B. 1224;
- C. 1222;
- D. 1225;
- E. 1223.

119. Орыс, украин шаруалары Сырдария облысында 1884-1892 жылдар аралығында қанша қоныс құрды?

- A. 32;
- B. 37;
- C. 39;
- D. 35;
- E. 33.

120. Қазақстанның қай өңірінде егіншілік басым болды?

- A. Орталық Қазақстанда;
- B. Маңғыстауда;
- C. Бетпақ далада;
- D. Солтүстік Қазақстанда;
- E. Семейде.

121. Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже қашан бекітілді?

- A. 1891 ж. 25 сәуір;
- B. 1891 ж. 25 наурыз;
- C. 1891 ж. 25 қазан;
- D. 1891 ж. 25 қыркүйек;
- E. 1891 ж. 25 қараша.

122. XIX ғ. аяғындағы ережелер негізінде Түркістан өлкесінде неше облыс құрылды?

- A. 6;
- B. 5;
- C. 4;
- D. 3;
- E. 2.

123. Түркістан облысының негізгі басқару орталығы:

- A. Самарқан;
- B. Ферғана;
- C. Ташкент;
- D. Бұхара;

Е. Шымкент.

124. Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қай генерал-губернаторлықтың құрамына кірді?


- А. Дала;
- В. Түркістан;
- С. Орынбор;
- Д. Батыс Сібір;
- Е. Закаспий.

125. 1891 ж. патшаның жарлығы негізінде енгізілген сот істері туралы заң неше баптан тұрды?

- А. 15;
- В. 16;
- С. 17;
- Д. 18;
- Е. 19.

126. 1886 жылғы ережеге сай төменгі сот буыны:


- А. мемлекеттік сот;
- В. халықтық соттар;
- С. билер соты;
- Д. уездік сот;
- Е. облыстық сот.



ХVIII ғасырдағы Қазақстан. Шартты белгілер: 1 - Қазақстанның XVIII ғасырдың 30-40-ші жылдарында Ресей империясының құрамына енген территориясы; 2 - Қазақстанның XVIII ғасырдың еліші жартысында Ресей империясының құрамына енген территориясы; 3 - Елшіліктер (1716 жылғы Б. Бөкей мен Б. Бөрнектің, 1716-1717 жылдардағы Н. Белуосовтың, 1717-1718 жылдардағы Б. Бранцақтың, 1730 жылғы С. Қыдырғұлов пен К. Қашғарының, 1731 жылғы А. Темішевтің елшіліктері); 4 - сауда жолдары; 5 - И. Булгақтың экспедициясы (1716-1717 жж.); 7 - қамалдар; 8 - басқа да елші мекендері; 9 - жолдар; феодалдардың шартнамалықтары; 10 - қазақтардың көптеген аскерлеріне қарсы соғыс жинақтары, шайқас болған жерлер жолдары көрсетілген); 11 - мөллеттік шекара; 12 - Қазақстанның шекарасы.

ХVIII ғасырдағы Қазақстан

АГРАРНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ (КОНЕЦ XIX-НАЧАЛО XX В.)



Территория Российской империи в конце XIX-на-
чале XX вв.
 Территории соседних государств
 Районы полевого земледелия
 Районы богарного земледелия

Районы разнородных крестьян-переселенцев
 Районы земледельческие


Города и массовые пункты
 Современная граница Республики Казахстан

СООТНОШЕНИЕ ВИДОВ ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ XIX-НАЧАЛО XX вв.)

Кочевье
 Полукошарное
 Оседло-земледельческое


Масштаб 1:10 000 000 (к 1 см 100 км)
 км 100 0 100 200 км

Примечание: На карте указаны парниковые, казахские реки и водохранилища.




Қазақстан XIX ғасырдың бірінші жартысында.

Қазақстан XIX ғасырдың бірінші жартысында. Шартты белгілер: 1 - мемлекеттік шекара; 2 - Қазақстанның шекарасы; 3 - Бөкей хандығының шекарасы (1801 ж. бастап); 4 - Бөкей хандығындағы көтеріліс ауданы; Орта жүздегі сарты округтері (1820-1844 жж.); 5 - Құсмұрын; 6 - Кокшетау; 7 - Ақмола; 8 - Балнауыл; 9 - Қырым; 10 - Көкшетау; 11 - Алғаш; 12 - қалалардың салынған жылы; 13 - Орынбор генералгубернаторлығындағы дистанциялар; 14 - Гыровскийдің Хиуа жорығы 1839-1840 жж.; 15 - қалалар; 16 - басқа да елді мекендер; 17 - сауда жолдары.




Қазақстан XIX ғасырдың екінші жартысында. Шартты белгілер: 1 - миллиеттік шекара; 2 - Қазақстанның шекаралары; 3 - облыстардың шекаралары (1867-1869 жж. және 1891 ж. "Ерөже" бойынша); 4 - Қазақстанға қоныс аударған шаруалар орналасқан аудандар; 5 - сууда жолдары; 6 - жерімің-келері; 7 - Ш.Уалиханов экспедициясының (1855 ж.) маршруты; 8 - Ш.Уалиханов экспедициясының (1856 ж.) маршруты; 9 - П.П.Семенов-Тан-Шанский экспедицияларының маршруты; 10 - Орал, Торғай облыстарындағы қазақтардың көтерілісі және Маңғыстау түбегіндегі толқулар. (1869-1870 жж.)

Қазақстан XIX ғасырдың екінші жартысында



Патша үкіметінің қазақ жерін отарлау үшін салған бекіністері
 Жерменкелер
 Кен-зауыт орындары
 Қазақстанға қоныс аударған орыс шаруаларының орналасқан аудандары
 Сауда жолдары
 Елді мекендер
 Қазақстанның шекарасы

XIX ғасырдағы Қазақстан



XX ғасыр басында Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөлінуі

- ШЕКАРАСЫ**
- Россия империясының мемлекеттік шекарасы
 - Хуыз хандығы мен Бухара өмірлігі
 - Генерал-губернаторлығының
 - Губерния және облыстар
 - Уезді шекарасы
- ЕЛ ДІ МЕКЕНДЕР**
- ⊙ ХИУА Хуыз хандығының астанасы
 - ⊙ ОМЫЫ Генерал-губернаторлығының орталығы
 - ⊙ КОСТАНАЙ Губерния және облыс орталығы
 - ⊙ Үлгіч Уезді орталығы
 - ⊙ Еска Басқа елді мекендер
- Темір жол
- Керуен жолы
- Казак ССР-нің қазірті шекарасы
- Ескерту: Ортаңғымен аттас облыс және губерния аттары картада жазылмады

Глоссарий

Автономия- бір мемлекеттің құрамындағы саяси-ұлттық құрылымның айрықша статус алып, өзінің ішкі проблемаларын дербес шешудің кең де ауқымды мүмкіндіктеріне ие болуы.

Әкімшілік реформалар-патша үкіметі өткізген әкімшілік-аумақтық өзгерістер.

Әскери-округтік жүйе - әскери басқарудағы қайта ұйымдастыру саласындағы өзгеріс жүйесі

Әскери-өнеркәсіп комитеті (ӘӨК) -армияны азық-түлікпен және қару-жарақпен жабдықтау ісіндегі буржуазия мен патша үкіметінің органы.

Бай- дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік топ.

Бекініс шебі - патша үкіметінің отаршылдық мақсаттарын жүзеге асыруындағы әскери тірегі, әскери базасы.

Би – заңды (жолды) орындаушы және бақылаушы, сонымен қатар көп жағдайда ру көсемі

Болыс басқарушы-отарлау саясатын адал жүргізетін адам сайланды, жарлық және полиция билігін өз қолына алып отырды.

Генерал-губернатор-барлық әскери, азаматтық билік шоғырланған генерал-губернаторлықты басқарған

Дистанциялар - аралық басқару жүйесі

Жарғы – заң, мемлекеттің заң шығарушы жоғарғы кеңесі

Жер қоры-қазақтарды ғасырлар бойы өмір сүрген табиғи ортасын күштеп айыру үшін құрылған қор

Жеті жарғы – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы.

Көтерілістің қозғаушы күші - отарлық саясатқа қарсы шыққан қазақ шаруалары

Казактар-казак-орыстар, казачество- ХҮІІІ ғасырдан 1917 жылға дейін Ресей империясында болған әскери әлеуметтік топ.

Петиция-жоғарғы тұрған үкіметтік инстанцияларға халық атынан жазылған өтініштер мен шағымдар.

Протекционизм-қолдаушылық

Саяси қозғалыстар-әлеуметтік феномен, қоғамның барлық таптары мен топтарын қамтиды.

«Расправа» - ру ақсақалдары кіруге тиіс болған әкімшілік органдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. А., 1994
2. Бекмаханов Е.Б. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан. А., 1992.
3. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1917 гг. А., 1965.
4. Сафаров Г. Колониальная революция. А., 1996.
5. Сапарғалиев Г.С. Картельная политика царизма в Казахстане. А., 1966.
6. Царская колонизация в Казахстане. По материалам русской периодической печати XIX века. А., 1995.
7. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А., 1994.
8. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. А., 1994.
9. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. А., 1985.
10. Қасымбаев Ж.К. Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение. А., 1995.
11. Джордж Демко. Орыстардың Қазақстанды отарлауы. Алматы: Ғылым, 1997.
12. Қайсар Құсайынұлы. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде. Алматы., Дәнекер. 2001.
13. Оразгүл Мұхатова XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. Алматы., 2002.
14. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы. Алматы., 1995.
15. Ақтаев С. «Жаңа ереже» деген не? //Ақиқат, 12. 58 б.
16. Жакыпбек С.Қ. Қазақ елін Ресейдің жаулауы: басталуы, жүруі. //ҚазҰУ Хабаршысы. №2 (29), 36-40 бб.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I. Қазақстанға Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі	
1.1. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы».....	4-8
1.2. 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы».....	9-10
II. XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарындағы Қазақстан	
2.1. XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарында жүргізілген әкімшілік реформа- лары.....	11-16
2.2. 1886-1891 жылдардағы реформалар бойынша әкімшілік және сот құрылысына енгізілген өзгерістер.....	17-18
2.3. Патша үкіметінің аграрлық саясаты.....	19-21
III. XIX ғ. II жартысындағы Маңғыстаудың әкімшілік-аумақтық құрылымы	22-28
IV. Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандырудың және жер мәселесінің зерттелуі (тарихнама)	29-36
Студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмалары	37
Қосымша материалдар	38-51
Тест тапсырмалары	52-73
Карталар	74-79
Глоссарий	80
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	81
Мазмұны	82

